



# СЫР ТАБИҒАТЫ

ҚОҒАМДЫҚ - ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ГАЗЕТ

ОБЩЕСТВЕННО - ЭКОЛОГИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА

2013 жылдан бастап шығады ● Апта сайын жарық көреді ● E-mail: syr.tabigaty@gmail.com ● www.syrtabigaty.kz

## ӨЭС 2026 НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ АЙҚЫНДАЛДЫ

Бүгінгі таңда 2026 жылғы 22-24 сәуір аралығында Астанада өтетін Өңірлік экологиялық саммиттің (ӨЭС) 8 негізгі тақырыптық бағыты айқындалды. Сонымен қатар мемлекет басшыларының қатысуымен екі отырыс өткізуді, министрлер мен халықаралық ұйымдар басшыларының қатысуымен 21 жоғары деңгейдегі сессияны, сондай-ақ елдік сессияларды қамтитын халықаралық іс-шараның архитектурасы бекітілді.

Саммитті ұйымдастырушы – ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі, Біріккен Ұлттар Ұйымының қолдауымен.

- ӨЭС-тің негізгі тақырыптық бағыттары:
1. экологиялық және табиғи тәуекелдерге бейімделу және экономикалық орнықтылық;
  2. атмосфералық ауаның ластануымен күрес және қалдықтарды басқару;
  3. экологиялық амбицияларға қол жеткізу тетіктері;
  4. климаттық өтуді қолдау;
  5. өңірдің азық-түлік қауіпсіздігі және экожүйесі;
  6. әділ және инклюзивті өңірлік көшу;
  7. табиғи ресурстарды орнықты басқару;
  8. тұрақты болашақ үшін экологиялық және цифрлық құзыреттер.

ӨЭС аясында мемлекет басшылары деңгейінде екі іс-шара өткізу жоспарлануда: пленарлық отырыс және Халықаралық Аралды құтқару қорының құрылтайшы мемлекеттері басшылары кеңесінің отырысы.

Пленарлық отырысқа БҰҰ Бас хатшысының экономикалық және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Ли Цзюньхуа, БҰҰ Бас хатшысының орынбасары, БҰҰ Қоршаған орта бағдарламасының (ЮНЕП) атқарушы директоры Ингер Андерсен, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бас директоры Тедрос Адханом Гебрейесус, Сулы-батпақты алқаптар туралы Рамсар конвенциясының Бас хатшысы Мусонда Мумба қатысады деп күтілуде.

ӨЭС жұмысына сондай-ақ Орталық Азия елдерінің, Арменияның, Әзербайжанның,



Беларусьтің, Грузияның, Иранның, Қытайдың, Моңғолияның, Пәкістанның, Словакияның экология саласындағы ведомство басшылары; БҰҰ ұйымдарының атқарушы директорлары мен өкілдері; халықаралық ұйымдардың бас хатшылары мен жетекшілері (ТМД, ИСЕСКО, ШЫҰ, АӨСШК, ТМҰ, ЭЫҰ, ОАЭОӘК, ХЭО және т.б.); халықаралық қаржы ұйымдарының өкілдері – Дүниежүзілік банк, Жасыл климат қоры, Азия даму банкі, Ислам даму банкі, Еуропалық қайта құру және даму банкі, Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC) қатысуы жоспарлануда.

ӨЭС аясында Орталық Азияның климаттың өзгеруі жөніндегі конференциясы және жоғары деңгейдегі сессиялар өтеді, оның ішінде: ЕО+ОА елдерінің экология, су және энергетика министрлерінің кездесуі; ШЫҰ+ЮНЕП елдерінің экология министрлері; ТМҰ елдерінің экология министрлері; АӨСШК елдерінің экология

министрлері; ЭЫҰ елдерінің экология министрлері; ОА елдерінің су ресурстары министрлері; ДДСҰ мен ОА елдерінің денсаулық сақтау министрлері; ЮНИСЕФ пен ОА елдерінің білім беру министрлері; Каспий мәселелері бойынша жоғары деңгейдегі диалог.

Жалпы, ӨЭС аясында 40-тан астам түрлі іс-шара ұйымдастыру жоспарланған.

Сонымен қатар «Экспо» халықаралық көрме орталығында жасыл технологиялар бойынша халықаралық көрме өтеді.

Елдік павильондарды ұсыну үшін Орталық Азияның 5 елі мен Әзербайжан шақырылды, сондай-ақ 20-дан астам елден шамамен 160 компанияның қатысуы күтілуде.

Қазақстан Республикасы  
Экология және табиғи ресурстар  
Министрлігі, [www.gov.kz](http://www.gov.kz)  
материалдар бойынша,  
фото [www.gov.kz](http://www.gov.kz).

**12+** №12(537)  
8 сәуір  
8 апреля 2026  
Сәрсенбі • Среда • Wednesday

**БОЛЕЕ 20 НОВЫХ ВИДОВ ПТИЦ ОБНАРУЖИЛИ В КАЗАХСТАНЕ**



ЧИТАЙТЕ НА 2-Й СТРАНИЦЕ

**В КАЗАХСТАНЕ МОГУТ ВВЕСТИ ОБЯЗАТЕЛЬНУЮ МАРКИРОВКУ БАДОВ И ЮВЕЛИРНЫХ ИЗДЕЛИЙ**



ЧИТАЙТЕ НА 5-Й СТРАНИЦЕ

## НА ОСУШЕННОМ ДНЕ АРАЛЬСКОГО МОРЯ ПРОВОДЯТСЯ НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЕ РАБОТЫ

1 апреля 2026 года Министр экологии и природных ресурсов Республики Казахстан

Е. Нысанбаев провёл совещание по вопросам проведения научно-исследовательских

работ на высохшем дне Аральского моря с участием научных сотрудников КазНИИ лесного хозяйства и агролесомелиорации, а также специалистов Комитета лесного хозяйства и животного мира.

Рассмотрены вопросы, касающиеся научно-исследовательских работ, проводимых на осушенном дне Аральского моря, а также деятельности научных сотрудников.

По итогам совещания Алматинскому филиалу КазНИИ лесного хозяйства и агролесомелиорации был дан ряд поручений по проведению научно-исследовательских работ. Поручено принять к сведению и обеспечить контроль за работами по выращиванию посадочного материала и созданию фитолесомелиоративных насаждений на высохшем дне Аральского моря.

Кроме того, в данном направлении будет продолжена работа по исследованию новых технологий и методов, а также их практическому применению.

По материалам Министерства экологии и природных ресурсов Республики Казахстан, [www.gov.kz](http://www.gov.kz), фото [www.gov.kz](http://www.gov.kz).



**ПОЧЕМУ ОТ МЯТЫ ВОЗНИКАЕТ ОЩУЩЕНИЕ ХОЛОДА?**



ЧИТАЙТЕ НА 8-Й СТРАНИЦЕ

ПРОГНОЗ ПОГОДЫ	Ср., 8 апреля 2026	Чт., 9 апреля 2026	Пт., 10 апреля 2026	Сб., 11 апреля 2026	Вс., 12 апреля 2026	Пн., 13 апреля 2026	Вт., 14 апреля 2026
<b>Кызылорда</b> Источник: <a href="http://gismeteo.kz">gismeteo.kz</a> Долгосрочный прогноз погоды является ориентировочным и отражает только характер изменения погоды.	+19°C Пасмурно, дождь ≈ 3 м/с З +12°C 88% влажн. 745 мм рт.ст.	+24°C Малооблачно ↑ 3 м/с Ю +11°C 86% влажн. 751 мм рт.ст.	+25°C Ясно ≈ 3 м/с В +11°C 75% влажн. 754 мм рт.ст.	+25°C Ясно ≈ 4 м/с В +13°C 70% влажн. 755 мм рт.ст.	+26°C Ясно ≈ 4 м/с СВ +13°C 59% влажн. 754 мм рт.ст.	+27°C Ясно ≈ 7 м/с В +12°C 50% влажн. 754 мм рт.ст.	+27°C Ясно ≈ 6 м/с В +13°C 57% влажн. 755 мм рт.ст.

## ЖАҢА САЛЫҚ КОДЕКСІ: ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ЖАҢА КЕЗЕҢ

Биыл 18 шілдеде жаңа Салық кодексіне қол қойылды. Жаңа Салық кодексіндегі ең негізгі өзгерістер мынадай: Сараланған салық ставкалары енгізілді. ҚКС реформаланды.

"Сән-салтанат салығын" енгізді.  
Арнайы салық режимдері өзгерді.  
Салық жеңілдіктерін алудың ашық және нақты ережелері әзірленді.  
Салықтық әкімшілендіруді цифрландыру қарастырылған.  
Сервистік модельге көшу жүргізілді.  
Салық есептілігінің нысандары 30% - ға қысқарды.

### АРНАУЛЫ САЛЫҚ РЕЖИМДЕРІ

Салық режимдерін оңтайландыру мақсатында арнаулы салық режимдерінің 3 түрі енгізілді:

- 1) өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін;
- 2) оңайлатылған декларация негізінде;
- 3) шаруа немесе фермер қожалықтары үшін.

### КАМЕРАЛДЫҚ БАҚЫЛАУ

Камералдық бақылау хабарламасының атауы өзгерді – енді камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған алшақтықтар туралы хабарлама деп аталады. Бақылау бұзушылықтарды анықтаудан алшақтықтарды анықтауға қайта бағытталды.

Камералдық бақылаудың мақсаты - салық төлеушіге (салық агентіне) салықтар мен бюджетке төлемдерді есептеу бойынша салық міндеттемелерін дербес түзету құқығын беру.

Хабарламаны орындау жолдары:

- алшақтықтар расталған жағдайда салық есептілігін ұсыну;
- алшақтықтармен келіспеген жағдайда-түсініктеме беру.

**Н.ДУЙСЕНОВА,**  
Шиели ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер Басқармасының бас маманы.

## КІРІСТЕР МЕН МҮЛІК ТУРАЛЫ ДЕКЛАРАЦИЯНЫ (270.00-НЫСАН) ТАПСЫРУҒА МІНДЕТТІЛЕР

Кірістер мен мүлік туралы декларацияны (270.00-нысан) тапсыруға міндеттілер:

- 1) мемлекеттік қызметшілер мен оларға теңестірілген адамдар, сондай-ақ олардың жұбайлары;
- 2) банктердің, бағалы қағаздар нарығының және сақтандыру ұйымдарының ірі қатысушылары, сондай-ақ олардың жұбайлары;
- 3) квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, жарғылық капиталдағы үлестің (акционерлік қоғамдар акцияларының) 10%-дан астамын иеленетін заңды тұлғалардың басшылары, құрылтайшылары (қатысушылары), сондай-ақ олардың жұбайлары;
- 4) жеке практикамен айналысатын адамдар (нотариустар, адвокаттар, жеке сот орындаушылар, медиаторлар);
- 5) жеке кәсіпкерлік түсетін кірістерді қоспағанда, дербес салық салуға жататын кірістерді (мүлкті жалға беруден түсетін кірістер, шетелдік банк шоттары бойынша сыйақылар; цифрлық активтермен жасалатын операциялардан түсетін кірістер; төлем көзінен салық ұсталмаған өзге де кірістер) алған тұлғалар;
- 6) егер олардың сомасы жиынтығында 1000 еселенген АЕК-тің мөлшерінен асатын болса, шетелдік банктердегі шоттарда ақшалай қаражаты бар тұлғалар;
- 7) шетелде активтері бар тұлғалар (жылжымайтын мүлік, көлік құралдары, бағалы қағаздар, туынды қаржы құралдары, инвестициялық алтын, шетелдік компаниялардағы үлесі; тұрғын үй құрылысына қатысу үлесі);
- 8) меншігінде цифрлық активтері бар тұлғалар;
- 9) есепті салық кезеңі ішінде жиынтық құны 20 000 АЕК (78,6 млн. теңгеден) асатын мүлкті сатып алған тұлғалар, оның ішінде ҚР шегінен тыс жерлерде;
- 10) салық агентіне басқа шегерімдердің алдын ала сомасы түрінде салық шегерімдерін қолдану туралы өтініш берген тұлғалар.

Кірістер мен мүлік туралы декларацияда мынадай ақпарат көрсетіледі:

- 1) ЖК кәсіпкерлік қызметтен декларациялауға жататын кірістерді қоспағанда, жеке тұлға дербес салық салуға жататын кірістер;
- 2) салық шегерімдері;
- 3) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде, оның ішінде өтеусіз негізде мүлкті сатып алу және (немесе) нәліктен шығару;
- 4) ЖТС бойынша асып кету сомасын есепке жатқызу және қайтару жөніндегі талаптар;
- 5) жиынтығында 1000 АЕК-тен асатын сомада ҚР шегінен тыс орналасқан шетелдік банктердегі банктік шоттардағы ақшаға;
- 6) есепті салық кезеңінің 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша жеке тұлғаның меншік құқығындағы мүлік:
  - мемлекеттік тіркеуге немесе өзге де тіркеуге (есепке алуға) не құқықтары және (немесе) мәмілелері шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шет мемлекеттің құзыретті органында мемлекеттік немесе өзге де тіркеуге (есепке алуға) жататын мүлік;
  - эмитенттері Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тіркелген бағалы қағаздар, цифрлық активтер;
  - инвестициялық алтын;
  - ҚР шегінен тыс тіркелген заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы қатысу үлесі;
- 7) ҚР шегінен тыс жеке тұлғаның дебиторлық және кредиторлық берешегі.
  - Декларацияны тапсыру мерзімдері – ағымдағы жылдың 15 қыркүйегінен кешіктірмей тұрғылықты тіркелген жері (место прописки) бойынша «Салық төлеуші кабинеті», «Электрондық үкімет» веб-порталдары, «e-salyqAzamat», Halyk, Bank CenterCredit, Kaspi.kz мобильді қосымшалары арқылы ұсынуға болады.

**БАБДИРОВА,**  
Шиели ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер Басқармасының бас маманы.

## 2026 ЖЫЛЫ САЛЫҚТЫҚ ШЕГЕРІМДЕРДІ ҚОЛДАНУ ТУРАЛЫ!

2026 жылдан бастап Қазақстанда жаңартылған салықтық шегерімдер жүйесі енгізілді, ол азаматтарға жеке табыс салығы сомасын азайтуға мүмкіндік береді. Заңнамаға сәйкес, жеке тұлғалар жеке табыс салығы бойынша салық салу объектісін айқындау кезінде бірқатар салықтық шегерімдерді қолдануға құқылы.

Қандай шегерім түрлері қарастырылған:

- 1) әлеуметтік төлемдердің салықтық шегерімі;
- 2) базалық салықтық шегерімі;
- 3) әлеуметтік салықтық шегерімдері;
- Әлеуметтік төлемдер бойынша салықтық шегерімі – әлеуметтік төлемдердің салықтық шегерімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептелген міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналарын, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша жеке тұлғалардың кірістерінен ұсталатын әлеуметтік аударымдарды қамтиды.

Базалық салықтық шегерім – әрбір күнтізбелік ай үшін қолданылатын тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 30 еселенген мөлшерін құрайды. Жылдық мәнде мұндай шегерімнің мөлшері 360 АЕК-тен аспауға тиіс.

Арал ауданы бойынша МКБ.

## САРЫП АУРУЫНАН САҚТАНЫҢЫЗДАР

Сарып-малдан адамға жұғатын аса қауіпті жұқпалы ауру. Ауруды қоздыратын бруцелла бактериясы мүйізді ірі қара, қой-ешкі, шошқа, т.б. жануар, жәндіктерде сарып ауруын қоздыратын болып бірнеше түрге бөлінеді. Бұлардың ішінде аса қауіпті қой-ешкі және мүйізді ірі қара малдарының сарыпты қоздыратын бруцелла бактериялары.



Бруцелла бактериясы табиға ортаға өте төзімді, топырақта, қида, жемде, суда 4 айға дейін өмір сүріп өзінің ауру қоздырғыштық қасиетін толықтай сақтай алады, тек қана жоғары температураға төзімсіз, 90-100 градусқа қайнатқанда сол бойда өледі. Адамдарға бруцеллез ауру малдарды күткенде, жемдегенде, олардың қораларын тазалағанда шаң-тозаң арқылы тыныс жолдарымен, тері арқылы әсіресе, қолдағы уақ жарықтармен ерін, көз кілегей қабық-тарына түскен бактериялар ауруды шапшаң қоздыра алады.

Ауру малдардың өнімдерін дұрыс қайнатпай тамаққа пайдаланғанда адамға жұғады.

Бруцелла бактериясы ауру малдың сүті, дәреті, сілекейімен, терімен бөлініп сыртқы қоршаған ортаны ластайды, сондықтан малдың жүнін қырыққан уақытта да немесе оны жинап басқа да әртүрлі өңдеу жұмыстарын жүргізген уақытта да ауру жұқтырады.

Жыл ішінде әсіресе, наурыз, сәуір айларында мал төлдейтін уақытта ауру малдар іш тастайды және әлсіз ауру малдар өздігінен төлдей алмай адамның көмегін қажет етуі, мал

мен адамның тікелей қатынасы ауруды жұқтыруға қолайлы жағдайды туындатады.

Сарыптан іш тастаған төлдің кеудесінде, ішінде сұйық көп болады, жүні жетіспеген, кілегей қабықтары қанталаған болады.

Сарып бактериясы организмге түскесін 6-10 күн ішінде қан ағзасы арқылы лимфа түйіндеріне кіріп 10-15 күнде көбейеді, 20-30 күннен кейін қанға тарап, нерв жүйесін, буындар, бұлшық еттерді, эндокриндік жүйесін бездерін зақымдайды.

Бір айдан кейін дене қызуы көтеріліп, кешке қарай безгек пайда болады. Бұл кезде науқаста қалтырау, көп терлеу, қажып-шаршау, әлсіздену, сүйек-буын және бұлшық еттер ауырлығы байқалады.

Ауруды дер кезінде емдесе одан жазылып кетуге болады. Аурудың алғашқы белгілері байқалғасын уақыт өткізбей дәрігерге қаралып арнаулы емін алған жөн, кешігіп қалған жағдайда организмнің көптеген органдары зақымданып, емдеуді қиындатып мүгедектікке апаруы мүмкін.

Сарып адамнан адамға жұқпай тек малдан жұғатын болғандықтан жеке бас гигиенасын сақтаумен қатар мал шаруашылығына арналған санитарлық-ветеринарлық профилактикалық комплексті шараларды қатаң сақтап ветеринарлық қызметтің белгілеген профилактикалық шараларын уақытында орындалуына көмектесіп отыру міндетіміз. Әрбір қожалығында малы бар тұлғалар өз малдарының есебін дұрыс беріп, ветеринарлық қызметтің белгілеген кестесіне сай малдарын ектіріп отыруы қажет.

Сатылып алынған, саттыққа шығарылған мал, еттің сүттің саудасы өнімі алынған малдың денсаулығы туралы мал дәрігерінің анықтамасы бойынша жүргізілуі тиіс.

Тол алу науқаны, төлдеп жатқан малға көмек көрсеткен уақытта қолда резинка қолғап, клеенкадан жең қап, фартук, аяқта етік болғаны жөн. Төлдеп жатқан малға шама келсе балаларды араластырмаған жөн, олар үлкен адамдарға қарағанда ауруды өте тез қабылдайды.

Отардағы малдың жаппай іш тастауы байқалса дереу мал дәрігерлеріне хабарлау қажет. Бақашылар, мал төлдетуге қатысқандар науқанды жұмыс біткесін бір айдан кейін міндетті түрде медициналық бақылаудан өтуі керек.

**К.ДУЙСЕНБИЕВА,**  
Жаңақорған аудандық СЭББ жетекші маманы,  
ашық көздерден алынған фотосурет.

## БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛАПТАР

Білім беру ұйымдары – балалар мен жасөспірімдердің денсаулығы, дамуы және қауіпсіздігі тікелей байланысты маңызды орта. Сондықтан мектептерде, балабақшаларда және басқа да оқу орындарында санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау аса маңызды. Бұл талаптар оқушылардың денсаулығын қорғауға, жұқпалы аурулардың алдын-алуға және қолайлы оқу жағдайын қамтамасыз етуге бағытталған. Санитариялық-эпидемиологиялық талаптар ең алдымен білім беру ұйымдарының ғимаратына, оқу кабинеттеріне және аумағына қатысты қойылады.

Оқу орындары таза, жарық, жақсы желдетілетін және қауіпсіз болуы тиіс. Табиғи және жасанды жарықтандыру нормалары сақталуы керек, себебі жеткіліксіз жарық көру қабілетіне кері әсер етеді. Сонымен қатар, сынып бөлмелеріндегі температура мен ылғалдылық деңгейі белгіленген нормаларға сай болуы қажет. Сонымен бірге мектеп жиһаздары оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес таңдалуы тиіс. Дұрыс таңдалмаған парталар мен орындық омыртқа жүйесінің қисаюуына әкелуі мүмкін. Оқушылардың жеке гигиенасын сақтау да маңызды. Қол жууға арналған жағдайлар жасалып, санитарлық тораптар таза әрі қолжетімді болуы тиіс. Сонымен қатар, мектеп асханаларында тағам дайындау және сақтау ережелері қатаң сақталуы керек.

Оқу процесін ұйымдастыру бойынша санитариялық талаптар оқу процесінің өзіне де қатысты. Сабақ ұзақтығы, үзілістердің ұзақтығы, оқу жүктемесі оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес реттелуі тиіс. Бұл шаршауды азайтып, оқу тиімділігін арттырады. Аталған санитариялық-эпидемиологиялық талаптар "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің



2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен регламенттелген.

Қорыта айтқанда, білім беру ұйымдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар – оқушылардың денсаулығын сақтаудың негізгі кепілі. Бұл талаптарды сақтау тек әкімшілікке ғана емес, мұғалімдерге, ата-аналарға және оқушылардың өздеріне де байланысты. Ортақ жауапкершілік арқылы ғана қауіпсіз әрі қолайлы білім беру ортасын қалыптастыруға болады.

**Г.Т.МДУАРОВА,**  
Қазалы аудандық СЭББ бөлім басшысы,  
ашық көздерден алынған фотосурет.

## БОЛЕЕ 20 НОВЫХ ВИДОВ ПТИЦ ОБНАРУЖИЛИ В КАЗАХСТАНЕ



За последние годы в Казахстане зафиксировано более двадцати новых видов птиц, которые ранее не были замечены на территории страны. Это стало возможным благодаря наблюдениям как профессиональных орнитологов, так и любителей, передает агентство Kazinform.

Как сообщил на брифинге региональной службы коммуникаций орнитолог, директор по науке Казахской ассоциации сохранения биоразнообразия Сергей Складенко, сегодня в стране насчитывается более 520 видов птиц, из которых почти 400 являются гнездящимися.

По его словам, эта цифра остается открытой, поскольку практически каждый год на территории Казахстана фиксируются новые виды, которые залетают во время миграций. Значительную роль в этом играют любители наблюдений за птицами, которые документируют свои находки с помощью фотографий.

Казахстан – большая страна, а профессиональных орнитологов немного, поэтому вклад любителей становится все более значимым. Птицы живут повсюду и остаются одним из самых заметных объектов наблюдения. Именно поэтому число любителей птиц достаточно велико и с каждым годом в Казахстане растет. Они фиксируют свои наблюдения и публикуют их на специализированных сайтах. Самое интересное, что это не просто увлечение: за последние десять лет именно любители обнаружили более 20 новых видов птиц, - отметил он.

Эксперт подчеркнул, что птицы играют важную роль

в экосистеме. Они регулируют численность насекомых, распространяют семена растений, участвуют в опылении, а также очищают окружающую среду, выполняя роль падальщиков. Кроме того, птицы имеют и практическое значение для человека.

Говоря о текущем состоянии орнитофауны, специалист отметил, что сокращение численности отдельных видов - это общемировая тенденция. В Казахстане под различной степенью угрозы находятся около 60 видов птиц, среди которых соколы-балобаны, стервятник, черный гриф, степной орел и другие.

Жизнь птиц далеко не безоблачна, и главная угроза для них - это разрушение мест обитания. Это связано с развитием инфраструктуры, добычей полезных ископаемых, изменением ландшафта и осушением водно-болотных угодий. Влияют также загрязнение окружающей среды и фактор беспокойства. По мировым данным, примерно половина видов птиц демонстрирует снижение численности, - сообщил Складенко.

Он привел примеры: численность журавля-красавки меняется в зависимости от условий не только в Казахстане, но и в странах зимовки, что подчеркивает важность международного сотрудничества. Серьезное сокращение популяции сокола-балобана связано в том числе с незаконной добычей. Также на птиц влияют линии электропередач, где ежегодно гибнут десятки тысяч хищных птиц, и развитие ветроэнергетики.

Отдельную обеспокоенность вызывает использование ветеринарного препарата диклофенак, который ранее привел к резкому сокращению численности птиц-падальщиков в Индии. Сейчас там ситуация постепенно восстанавливается после запрета препарата, однако его применение в других странах может вновь создать риски.

Отдельное внимание эксперт уделил ситуации в городах. В Алматы сокращается численность привычных видов - воробей и ласточек. Это связано с изменением городской среды и снижением количества насекомых. В то же время увеличивается число околоводных птиц, которым становятся доступнее городские водоемы.

Специалисты считают, что сохранить орнитофауну можно за счет сохранения природного разнообразия в городских парках, высадки ягодных кустарников, сокращения химической обработки территорий и создания искусственных гнездовий.


По словам Сергея Складенко, сохранение птиц - это не только экологическая задача, но и важная часть устойчивого развития и качества жизни людей.

По материалам Е.Турысбекова, inform.kz,  
Фото: А.Аяпбергенов/ Kazinform.

### САЛЬМОНЕЛЛЕЗ БЕЛГІЛЕРІ МЕН ЕМІ, АЛДЫН-АЛУ ШАРАЛАРЫ

Сальмонеллез бұл тағамнан уланудың бір түрі, salmonella тұқымдас бактериялар тудыратын жұқпалы ауру. Инфекция көбінесе осы бактерияны қамтитын сапасыз немесе ескірген өнімдерді жеген кезде пайда болады. 1 жасқа дейінгі балалар сальмонеллездің пайда болуына өте сезімтал. Бұл жағдайда инфекция баланы қайнатылмаған бөтелкені пайдаланып тамақтандыру кезінде пайда болады. Ересек адам ауруды тауық жұмыртқасын, сүтті, етті, майды жеу арқылы жұқтырып ала алады. Дүкендерде сатылатын, бактерия жұқтырған қамыр, тауық жұмыртқасы, қосылған торттар мен тәтті тағамдарды пайдалану кезінде сальмонеллезбен жаппай ауруы болғаны белгілі.

Сальмонеллездің айла-амалдары-тамақ өнімдеріне түскен аурудың негізгі қоздырғышы оның сыртқы түрін өзгертпейді, оның дәміне әсер етпейді. Белгілі бір тамақ өнімдерінде сальмонелланың болуын зертханалық талдау арқылы ғана анықтауға болады. Медицинада сальмонеллезден



қамтиды. Сонымен қатар, зардап шеккен адам жақында тұтынылған тағамға талдау жасалады. Сальмонеллезді көптеген ішек инфекцияларынан, ең алдымен тырысқан ақырату керек. Емдеудің негізгі антибиотиктер болып табылады, олар пациенттің ауруханада болған алғашқы күндерінде оның денесіне тамыр ішіне, содан кейін бұлшықет ішіне инъекция немесе таблетка арқылы енгізіледі. Препарат науқастың жағдайын, оның жасын, белгілі бір дәрі-дәрмекпен емдеуге қарсы көрсетілмдерінің болуын ескере отырып таңдалады. Бактерияға қарсы препараттардан басқа дәрумендер, пробиотиктер тағайындалады. Сальмонеллез диагнозы бар пациентке сұйықтықты мүмкіндігінше көп ішу қажет. Егер дегидратация әлі де болса, тұзды ерітінділер тағайындалады. Мысалы, Регидрон. Сальмонеллезді антибиотикпен емдеу курсы 6-дан 9 күнге дейін созылады. Негізгі терапия аяқталғаннан кейін нәжісті және қанды қайта тексеру керек.

Алдын алу. Көптеген тамақтан уланудың алдын алуға болады, егер сақтауға қажетті ережелер мен санитарлық нормаларды тағам дайындау: Жемістер, көкөністер, сондай-ақ ет және тағамдық қосымша өнімдерді тұтынарда, тамақ әзірлеуде мұқият сумен жуыу; Азық-түлік сатып аларда дүкенде олардың жарамдылық мерзіміне назар аудару; Өнімдерді тоназытқышта сақтау; Азық-түліктің және тағам әзірлеу үшін өнімдердің шектеулі жарамдылық мерзімі өтіп кетсе пайдалануға болмайды; Тамақ дайындауды бастамас бұрын ыдыс-аяқ және ас үй керек-жарақтары және қолды жуу керек; Көкөніс және еті кесіп дайындауға бір пышақ пайдалануға болмайды; Дәретханаға барғаннан кейін, көшеде үйге оралғаннан кейін, тамақты бастамас бұрын қолыңызды жуыңыз.

Сондай-ақ, сальмонеллезбен инфекцияны болдырмау үшін дайын тағамды ашық көше сөрелерінен, дүкендерден сатып алмау керек, сенімді емес қоғамдық тамақтану орындарында тамақтанбау керек. Көбінесе сальмонеллездің негізгі көзі өлшеп сатылатын майонез қосылған салаттар, кілегеймен безендірілген торттар болады. Мұндай өнімдерді тұтынудан бас тартып, қажетті санитарлық нормаларды сақтай отырып, үйде тамақ дайындаған дұрыс.

Ауру жедел басталады, науқастың дене қызуы көтеріліп, бас ауырады, қуеу ішек бұзылысы байқалады. Сырқаттану әртүрлі формада өтеді. Ауру белгілері байқалмай, кейіннен өлім жағдайына алып келетін ауыр түрінде де көрініс табады.

Асель Джалгасовна БОСТАНОВА, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараната орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қызылорда облысы бойынша филиалының бактериологиялық зертхананың бас маманы, ашық көздерден алынған фотосурет.

### 2026 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАҢТАРДАН БАСТАП ЕАЭО ШЕҢБЕРІНДЕ ЖАНАМА САЛЫҚТАРДЫ ӘКІМШІЛЕНДІРУ – ЕСКІ САЛЫҚ КОДЕКСІМЕН САЛЫСТЫРУ

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті оқырмандар назарына Еуразиялық экономикалық одаққа (бұдан әрі – ЕАЭО) мүше мемлекеттермен сыртқы экономикалық сауда операциялары жүзеге асыратын салық төлеушілер үшін салық заңнамасын қолдану саласында ақпаратты ұсынады. 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап 2025 жылғы 18 шілдеде қабылданған Қазақстан Республикасының Салық кодексі (бұдан әрі – ҚР СҚ) қолданысқа енгізіледі. Мемлекеттік кірістер органдары жүзеге асыратын ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер арасындағы өзара сауда барысында алынатын жанама салықтарды әкімшілендіру жана ҚР СҚ қабылдануына байланысты бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

- 1. Біріншіден, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қосылған күн салығының (ҚҚС) мөлшерлемесі 16 пайызды құрады.
- Сонымен қатар, ЕАЭО шеңберінде жанама салықтарды әкімшілендіруді реттейтін, тек нөмірленуі өзгергенмен, мазмұны жағынан өзгерістер мен толықтыруларға ұшырамаған 12 бап бар. Атап айтқанда:
  - 1. Жана ҚР СҚ-нің 513-бабы (ескі ҚР СҚ-нің 439-бабы) – «Салық салу объектілері, салық салынатын айналымды айқындау»;
  - 2. 514-бап (440-бап) – «ЕАЭО-да тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналымды және салық салынатын импортты айқындау»;
  - 3. 516-бап (416-бап) – «Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналым, салық салынатын импорт жасалған күн»;
  - 4. 517-бап (443-бап) – «Тауарларды экспорттау кезінде салық салынатын айналымның мөлшерін айқындау»;
  - 5. 520-бап (446-бап) – «ЕАЭО-ға тауарларды экспорттау»;
  - 6. 524-бап (450-бап) – «Алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу мерзімі»;
  - 7. 526-бап (428-бап) – «ЕАЭО-да қосылған күн салығының сомаларын есепке жатқызу тәртібі»;
  - 8. 527-бап (453-бап) – «Шот-фактура»;
  - 9. 528-бап (454-бап) – «Тауарларды импорттау кезінде қосылған күн салығын төлеушілерді айқындау ерекшеліктері»;
  - 10. 529-бап (455-бап) – «Комиссия (тансырма) шарттары бойынша тауарларды ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына импорттау кезінде қосылған күн салығын есептеу ерекшеліктері»;
  - 11. 532-бап (458-бап) – «Еуразиялық экономикалық одақта тауарларды импорттау кезінде тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті кері қайтарып алу»;
  - 12. 533-бап (459-бап) – «Тауарларды импорттау кезінде төленген қосылған күн салығының сомаларын түзету тәртібі». Енді өзгерістер мен толықтыруларға тоқталмайық.

#### Тауарларға ілесіп жүкқұжаттарды ресімдеу тәртібінің сақталуын бақылау

Жана ҚР СҚ-де бұл бақылау 179-баппен реттеледі. Баптың тұжырымдамасы мен мазмұны ескі ҚР СҚ-нің 176-бабының редакциясына сәйкес сақталған. Алайда 2-тармақтың 2) тармақшасында өзгеріс енгізілген. Атап айтқанда, тауарларға ілесіп жүкқұжаттарды ресімдеу міндеттемесінен Еуразиялық экономикалық одаққа мүше емес мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасына тауарларды әкелу кезінде ілесіп жүкқұжаттарды ресімдеу талабы алынп тасталды.

Еуразиялық экономикалық одақтың кенедің аумағына әкелінген тауарлар айналымын қалағаны

Жана ҚР СҚ-де аталған нормалар 180-баппен реттеледі. Баптың тұжырымдамасы мен мазмұны ескі ҚР СҚ-нің 176-1-бабының редакциясына сәйкес сақталған, алайда келесі ерекшеліктер бар:

- 1-тармақта «Қазақстан Республикасы ратификацияланған халықаралық шартқа сәйкес» деген тұжырым жана редакцияда алып тасталған;
- 3-тармақта «Қазақстан Республикасы ратификацияланған» деген сөздер және «сондай-ақ» сөз тіркесі алынп тасталған;
- 3-тармақ екі тармақшаға бөлінген. 2) тармақшаға қағидатты нақтылайтын жана тұжырым енгізілген; тауарларды өткізу кезінде ілесіп жүкқұжат ресімдеу талап етілетін жағдайда электрондық шот-фактура ілесіп жүкқұжат негізінде жазылады;
- 4-тармақта «Қазақстан Республикасы ратификацияланған» деген тұжырым алып тасталған;
- 5-тармақта «үкілетті орган» деген тұжырым «салық органы» деген тұжырыммен ауыстырылған, сондай-ақ «Қазақстан Республикасы ратификацияланған» деген сөздер алып тасталған.

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын тауарлар бойынша қосылған күн салығын есепке жатқызу әдісімен төлеу

Жана ҚР СҚ-де аталған нормалар 509-баппен реттеледі. Баптың тұжырымдамасы мен мазмұны ескі ҚР СҚ-нің 428-1-бабының редакциясына сәйкес жалпы сақталған, алайда бірқатар ерекшеліктер көзделген.

Жана ҚР СҚ-нің 1-тармағына сәйкес, ЕАЭО елдерінің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын тауарлар бойынша ҚҚС-ты есепке жатқызу әдісімен төлеу тәртібін «пестицидтер» алып тасталды.

Сондай-ақ «қосалқы бөлшектер» терминін қолдану нақтыланды. Есепке жатқызу әдісі ауыл шаруашылығы техникасына, автомобиль көлігінің жүк жылжымалы құрамына, тікұшақтар мен ұшақтарға, теңіз кемелеріне, темиржол локомотивтері мен вагондарына арналған қосалқы бөлшектерді әкелуге қолданылады.

Есепке жатқызу әдісіне қатылған тауарлар тізбесі және оны қалыптастыру тәртібі енді «салық саясаты саласындағы үкілетті органмен айқындалады» деген норманың орнына Қазақстан Республикасының Үкіметі тарапынан бекітіледі.

2-тармақтың 1) тармақшасына «немесе халықаралық қаржылық лингвистік беру» деген тұжырым қосылды. 3-тармақта «құжаттың азаттық тұрғымен өзгертіліп, толықтырылды. Бұрын Қазақстан Республикасының аумағына кез келген тауарларды әкелген күннен бастап бес жыл ішінде есепке жатқызу әдісі шарттарының бұзылуы туралы жалпы мерзім қолданылатын (482-1-бап). Енді есепке жатқызу әдісінің талаптарын міндетті пайдалану кезеңін бұзу мерзімі белгіленді.

Импортталған тауарларды міндетті пайдалану кезеңі тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелген күннен бастап:

- импортталған тауарлар бойынша (ауыл шаруашылығы құстарын қоспағанда) – бес жыл;
- ауыл шаруашылығы құстары бойынша – 18 ай.

Осы тармақта «жануарларды мәжбүрлі сою» деген тұжырым «және (немесе) осындай сою негізінде алынған ет пен ет өнімдерін өткізу, немесе табиғи кеме нормалары шегінде мұндай жануарлардың шығыны (қырылуы)» деген сөздермен толықтырылды.

52-тарау. ЕАЭО шеңберінде тауарларды экспорттау және импорттау, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету кезінде ҚҚС салудың ерекшеліктері

#### Жалпы ережелер

Жана ҚР СҚ-де аталған нормалар 511-баппен реттеледі. Баптың тұжырымдамасы мен мазмұны ескі ҚР СҚ-нің 437-бабының редакциясына сәйкес сақталған.

Алайда 1-тармақтың соңғы абзацында валютаны қайта есептеу тәртібі өзгертілді. Бұрын «тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің шетел валютасындағы құны тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналым жасалған күннен бастап есептелген» деген тұжырым қолданылатын нарықтық айырбас бағамы бойынша теңгеге қайта есептеледі» деп көзделген бола, жана редакцияда «тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтердің шетел валютасындағы құны тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналым жасалған күнге белгіленген ресми валюта бағамы бойынша теңгеге қайта есептеледі» деп белгіленді.

ЕАЭО шеңберіндегі қосылған күн салығын төлеушілер

Жана ҚР СҚ-де аталған нормалар 512-баппен реттеледі. Баптың тұжырымдамасы мен мазмұны ескі ҚР СҚ-нің 438-бабының редакциясына сәйкес сақталған.

ҚР СҚ-нің жана редакциясында 2) тармақшада «медиатор қызметін жүзеге асыру мақсатында тауарларды импорттайтын медиаторлар» деген тұжырым «медиатордың кәсіби қызметі» деген тұжырыммен ауыстырылды.

Салық салынатын импорт мөлшерін айқындау

Жана ҚР СҚ-де аталған нормалар 518-баппен реттеледі. Баптың тұжырымдамасы мен мазмұны ескі ҚР СҚ-нің 444-бабының редакциясына сәйкес сақталған, алайда 2-тармақта ең төменгі бағалар ұғымы кеңейтіліп, нақтыланды.

Тауарлар бойынша үкілетті орган ең төменгі баға деңгейі (БТД) қолданылатын жекелеген тауар түрлерін тізбесіне енгізген тауарларды айқындайды (қазіргі уақытта – Мемлекеттік кірістер комитеті). Сауда қызметін реттеу саласындағы үкілетті орган БТД қолданылатын тауарлар

тізбесін бекітеді.

Сондай-ақ салық төлеуші мен салық органы тарапынан ең төменгі баға деңгейінен төмен баға декларацияланған жағдайдағы іс-әрекеттерге қатысты толықтырулар енгізілді.

Атап айтқанда:

Ең төменгі баға деңгейі БТД қолданылатын жекелеген тауар түрлерінің тізбесіне енгізілген тауарлар бойынша үкілетті органмен ең төменгі баға деңгейін айқындау тәртібіне сәйкес белгіленеді. БТД қолданылатын жекелеген тауар түрлерін тізбесі, сондай-ақ ең төменгі баға деңгейін айқындау тәртібі сауда қызметін реттеу саласындағы үкілетті органмен келісу арқылы үкілетті орган тарапынан бекітіледі. Егер БТД қолданылатын жекелеген тауарлар тізбесіне енгізілген импортталатын тауар бойынша мөлдімденген күн белгіленген ең төменгі баға деңгейінен төмен болса, салық төлеуші осы Кодекстің 503-бабының 1-тармағында белгіленген мөлшерлеме бойынша көрсетілген сомалар арасындағы айырманы ескере отырып, салықты осы Кодекстің 530-бабында көзделген мерзімде төлеуге міндетті.

Салық органы осы тармақтың алтыншы бөлігінде белгіленген талаптың сақталмауын анықтаған жағдайда, ең төменгі баға деңгейі мен БТД қолданылатын жекелеген тауарлар тізбесіне енгізілген импортталатын тауардың мөлдімделген құны арасындағы айырма сомасы дербес шотты жүргізу тәртібіне сәйкес салық төлеушінің жеке шотына есептеледі.

#### Тауарлар экспорттан растау

Жана ҚР СҚ-де аталған нормалар 521-баппен реттеледі. Баптың тұжырымдамасы сақталған. Баптың тұжырымдамасы мен мазмұны ескі ҚР СҚ-нің 447-бабының редакциясына сәйкес сақталған, тек 1-тармақтың 4) тармақшасында авторлық құқық саласындағы бөгде үкілетті органның атауы өзгертілген (қағидатты мәні жоқ өзгеріс).

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде қосылған күн салығынан босатылатын айналымдар мен импорт Жана ҚР СҚ-де аталған нормалар 525-баппен реттеледі. Баптың тұжырымдамасы мен мазмұны ескі ҚР СҚ-нің 451-бабының редакциясына сәйкес сақталған, алайда ескі 451-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы жана редакциядан алып тасталды. Аталған тармақшада инвестициялық келісімшарт шеңберінде шикізатты және (немесе) материалдарды импорттау кезінде ҚҚС-тан босату көзделген болатын, егер бір мезгілде мынадай шарттар сақталса:

- шикізат және (немесе) материалдар инвестициялар жөніндегі үкілетті мемлекеттік орган орталық мемлекеттік жоспарлау жөніндегі үкілетті органмен және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық үкілетті органмен келісу арқылы бекіткен, импорттау кезінде ҚҚС-тан босатылатын шикізат және (немесе) материалдар тізбесіне енгізілген болса;
- әкелінген шикізат және (немесе) материалдар талап қою мерзімі шегінде қосылған күн салығын төлеуші тарапынан тек инвестициялық келісімшарт шеңберіндегі қызметті жүзеге асыру үшін пайдаланылатын болса.

Сонымен қатар, инвестициялық келісімшарт шеңберінде шикізатты және (немесе) материалдарды импорттау кезінде ҚҚС-тан босату Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік саласындағы заңнамасына сәйкес жасалған инвестициялық келісімшартқа қосымша болып табылатын жұмыс бағдарламасында көзделген негізгі құралдар пайдалануға берілген айдан бастап бес жыл қатарынан берілетін белгіленген еді. Егер жұмыс бағдарламасында екі және одан да көп негізгі құралдарды пайдалануға беру көзделсе, босату мерзімі бірінші негізгі құрал пайдалануға берілген айдан бірінші күнінен бастап есептеледі.

Осы талаптар салық төлеуші импортталған тауарларды есепке алған күннен бастап бес жыл ішінде бұзылған жағдайда, импортталатын шикізат және (немесе) материалдар бойынша ҚҚС Қазақстан Республикасының салық заңнамасында айқындалған тәртіппен және мөлшерде, тауарларды әкелу кезінде ҚҚС төлеу үшін белгіленген мерзімнен бастап өсімізді есептей отырып төлеуге тиіс болатын.

Аталған норма жана ҚР СҚ-нің 525-бабынан алып тасталды. 525-бап толық көлемде қайта қаралды. Бұл ретте жана ҚР СҚ-нің 525-бабы 2-тармағының 3) тармақшасы ескі ҚР СҚ-нің 451-бабы 2-тармағының 4) тармақшасымен мазмұны жағынан сәйкес келеді.

#### ЕАЭО шеңберінде тауарларды импорттау кезінде қосылған күн салығын есептеу және төлеу тәртібі

Жана ҚР СҚ-де аталған нормалар 530-баппен реттеледі. Баптың тұжырымдамасы мен мазмұны ескі ҚР СҚ-нің 456-бабының редакциясына сәйкес сақталған, алайда мынадай өзгерістер бар:

- 2-тармақтың 1) тармақшасында «Қазақстан Республикасының банктер және банк қызметі туралы заңнамасына сәйкес» деген тұжырым «Қазақстан Республикасының банк заңнамасына сәйкес» деген тұжырыммен ауыстырылды;
- 2-тармақтың соңғы абзацы алып тасталды. Аталған абзацта «Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті нысаны, оны таптыру және ұсыну қағидалары үкілетті органмен бекітіледі» деген норма көзделген болатын.

Еуразиялық экономикалық одақта тауарларды экспорттау кезінде қосылған күн салығын есептеу және төлеу тәртібі

Жана ҚР СҚ-де аталған нормалар 531-баппен реттеледі. Баптың тұжырымдамасы мен мазмұны ескі ҚР СҚ-нің 457-бабының редакциясына сәйкес сақталған, алайда:

- жана редакцияның 1-тармағынан «үкілетті орган белгілеген нысан бойынша» деген тұжырым алып тасталды;
- 2-тармақтың тұжырым өзгертілді. Бұрын «Осы тармақта көрсетілген қосылған күн салығы сомаларын есептеу үкілетті орган айқындаған тәртіппен салық органы жүзеге асырады» деп көрсетілсе, жана редакцияда «Осы тармақта көрсетілген қосылған күн салығы сомаларын салық органы есептеу тәртібі дербес шоттарды жүргізу тәртібін айқындайды» деп белгіленді.

#### Ақизделетін тауарлар тізбесі

Жана ҚР СҚ-де аталған нормалар 535-баппен реттеледі. Баптың тұжырымдамасы мен мазмұны ескі ҚР СҚ-нің 461-бабының редакциясына сәйкес сақталған.

Алайда 535-бапта тауарларды импорттау кезінде ақиз төлеуге міндетті жеке тұлғалар тізбесі кеңейтілді.

2-тармақ 2) тармақшамен толықтырылды, оған сәйкес: «жеке тұлғалар: ... осы Кодекстің 536-бабы бірінші бөлігінің 10) тармақшасында көрсетілген ақизделетін тауарларды ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер аумағынан және (немесе) ЕАЭО-ға мүше емес мемлекеттер аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына импорттайтын, сондай-ақ осы Кодекстің 536-бабы бірінші бөлігінің 10) тармақшасында көрсетілген ақизделетін тауарларды сатып алатын тұлғалар».

Атап айтқанда, 536-баптың 10) тармақшасына сәйкес: – сатып алу құны тиісті қаржы жылының 1 қаңтарындағы қолданыстағы ашық есептік көрсеткіштің (АЕК) 18 000 еселенген мөлшеріне тең немесе одан жоғары болатын жеңіл автомобильдер;

– сатып алу құны тиісті қаржы жылының 1 қаңтарындағы қолданыстағы АЕК-тің 24 000 еселенген мөлшеріне тең немесе одан жоғары болатын кемелер.

– сатып алу құны тиісті қаржы жылының 1 қаңтарындағы қолданыстағы ашық есептік көрсеткіштің (АЕК) 24 000 еселенген мөлшеріне тең немесе одан жоғары болатын әуе кемелері.

Ақизделетін тауарлар тізбесі

Жана ҚР СҚ-де аталған нормалар 536-баппен реттеледі. Баптың тұжырымдамасы мен мазмұны ескі ҚР СҚ-нің 462-бабының редакциясына сәйкес сақталған, алайда мынадай өзгерістер енгізілді:

- 536-баптың 4) тармақшасынан «электрондық темекілерде пайдалануға арналған құрамында никотин бар сұйықтықтар» Қазақстан Республикасында олардың толық тыйым салынуына байланысты алып тасталды;
- 9) тармақшамен энергетикалық сусындар қосылды;
- 10) тармақшаға жана ҚР СҚ-нің 535-бабына берілген түсіндірмеде көрсетілген «сән-салтанат бұйымдары» деп аталатын тауарлар енгізілді.

Сонымен қатар, ескі ҚР СҚ-нің 462-бабында көзделген кейбір ақизделетін тауар түрлері бойынша ақиз мөлшерлемелері ұлғайтылды.

Құрметті салық төлеушілер, Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің аумақтық басқармаларында ЕАЭО шеңберінде жанама салықтарды әкімшілендіруге қатысты екі кодекстің салыстырмалы кестесі әзірленген. Аталған кесте Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің ЕАЭО шеңберінде ҚҚС әкімшілендіру басқармасымен дайындалған. Сіздер жана ҚР СҚ аталған салыстырмалы материалды алып, зерделеп, практикалық қызметте қолдана аласыздар.

К. ДҮРМЕНБАЕВ,  
ЕАЭО ҚҚС ӘБ басшысы.

### КОНГО-ҚЫРЫМ ГЕМОМРАГИЯЛЫҚ ҚЫЗБАСЫ

Көктем айы басталған уақыттан бастап әр түрлі жәндіктерде тіршіліктерін бастайды. Солардың ішінде кенелер - Конго Қырым геморагиялық қызбасы ауруын тасымалдаушылары болып табылады. Ауру қоздырғыш вирустарын сақтауда дала тышқандары, кірпі, торғайлардың ролі ерекше. Олар вирустарды қансорғыш кенелерге, ал кенелер басқа хайуанаттарға, олар қайта кенелерге, жұқтарыны белгілі. Сөйтіп адамға бұл аурудың кенелер арқылы жұғатынын ғалымдар дәлелден берді. Кене адам денесіне жабысқаннан кейін қадалатын жер іздеп ұзақ уақыт жүреді. Содан соң шапқа, қолтық астына, мойынға, кеудеге қадалады.

Бір ерекшелігі адам кененің шаққанын сезбейді, себебі кене қадалған жерін жансыздандыратын сұйықтық бөліп шығарады. Тек 2 - 3 күн өткеннен кейін ғана кене жабысқан жер қызарып ауыра бастайды. Инкубациялық (жасырын) кезең -14 күн. Вирус адам ағзасына енгеннен соң көпке дейін білінбей өсіп қан тамырларын зақымдайды.

Әр адамның ағзаларының ерекшелігіне байланысты аурудың жеңіл және ауыр түрі өтуі мүмкін. Кене шаққан жер ісініп ауыру, лимфа түйіндері үлкейіп, дене қызуы көтеріліп, адам ағзасының улану белгілері байқалады. Әрі қарай науқас дер кезінде медициналық көмек алмаса, ауру асқынып, қанның үю қабілеті төмендеп, денеде бөртпелер, көгерулер пайда болып, қызыл иектен, мұрынын, асқаннан, әйелдерде жатырдан қан кетіп, науқастың жағдайы ауырлап, өлімге әкеліп соқтыруы мүмкін.

- 1. Табиғи ошақта егіндікте, саяжайда демалған сәттерде вируспен зақымданған кененің шағуы немесе денеге жабысқаны кезінде;
- 2. Кенелерді жалаң қолмен жұлып алып езу кезінде;
- 3. Мал қыркымы кезінде кенелерді езіп жіберу немесе қайшымен қып жібергенде;
- 4. Мал сою кезінде,оны жіліктегенде;
- 5. Далалық жағдайда жұмыс барысында абайсызда кененің биологиялық сұйықтығымен жанасқанда;
- 6. Конго Қырым геморагиялық қызбасы ауруымен ауырған науқасқа күтім жасағанда;
- 7. Конго Қырым геморагиялық қызбасы ауруын жұқтырмау үшін бірінші кезекте сақтық шараларын білген жөн.

- Табиғатқа барғанда кене адам денесіне енбейтіндей шалбардың балағын шұлықтың

ішіне салу, ұзын жеңді ашық түсті киім кию және кене үркітетін репеленттерді пайдаланған жөн.

– Киімге

## «НАЦФОНД - ДЕТЯМ»: СЫШЕ 41,84 МЛН ДОЛЛАРОВ США НАПРАВЛЕНО НА ЖИЛЬЁ И ОБРАЗОВАНИЕ

С 1 февраля 2024 года по состоянию на 1 марта 2026 года исполнено 252 842 заявления на сумму более 41,84 млн долларов США, которая была переведена уполномоченным оператором для последующего зачисления на банковские счета заявителей. Из них 158 774 заявления на сумму порядка 26,35 млн долларов США были исполнены в целях улучшения жилищных условий, а 94 068 заявлений на сумму 15,49 млн долларов США – в целях оплаты образования.

Напомним, что получатель целевых накоплений (ЦН) может использовать всю сумму полностью или частично, при этом неиспользованный остаток сохраняется на целевом накопительном счете (ЦНС).

Самыми популярными субцелями использования средств на улучшение жилищных условий стали: пополнение вклада в жилищные строительные сбережения для дальнейшего накопления (исполнено 155 126 заявлений на сумму 25,79 млн долларов США), внесение первоначального взноса для получения ипотечного жилищного займа на приобретение жилища – 1 247 заявлений на сумму около 193,16 тыс. долларов США, приобретение жилища в собственность по гражданско-правовым сделкам (окончательный расчет) – 893 заявления на сумму 134,32 тыс. долларов США.

Наиболее популярными субцелями в рамках оплаты образования стали: оплата образовательных услуг организаций образования, расположенных на территории Республики Казахстан, долями (за каждый академический период или учебный год) или в полном объеме одновременно (за весь срок обучения) (исполнено 86 258 заявлений на сумму 14,44 млн долларов США), пополнение образовательного накопительного вклада по договору об образовательном накопительном вкладе (исполнено 5 402 заявления на сумму порядка 704,23 тыс. долларов США), оплата образовательных услуг зарубежных организаций образования долями (за каждый академический период или учебный год) или в полном объеме одновременно (за весь срок обучения) (исполнено 1 955 заявлений на сумму около 280,81 тыс. долларов США). С подробной информацией о выплатах ЦН в целях улучшения жилищных условий и (или) оплаты образования в разрезе уполномоченных операторов и регионов можно ознакомиться на сайте [enpf.kz](http://enpf.kz).

Напомним, что по итогам 2025 года казахстанским детям произведено очередное начисление в размере 130,71 доллар США на одного ребенка, за 2024 год – по 129,38 доллар США, за 2023 год – по 100,52 доллар США.

Детям до 18 лет ежегодно суммы из Нацфонда начисляются в виде целевых требований, учитываемых на их счетах, открытых в ЕНПФ. При этом, согласно законодательству, начисленные юным казахстанцам суммы остаются в составе активов Нацфонда и продолжают инвестироваться. Благодаря дальнейшему инвестированию ежегодно сумма целевых требований каждого ребенка дополнительно прирастает за счет полученного инвестиционного дохода.

В результате совокупная сумма всех накопленных целевых требований (включая ежегодно дополнительно начисляемый инвестиционный доход) у ребенка, который участвует в программе: - третий год, составил 370 долларов 56 центов; - второй год, составил 263 доллара 93 цента; - первый год, составил 130 долларов 71 цент.

Совершеннолетние граждане должны самостоятельно получать информацию о своих ЦН посредством их личного кабинета на интернет-ресурсах ЕНПФ либо электронного правительства, чтобы затем обратиться к уполномоченному оператору для открытия банковского счета в долларах США и подачи онлайн-заявления на выплату ЦН для улучшения жилищных условий и (или) оплаты образования.

На сегодняшний день уполномоченными операторами являются:

- АО «Отбасы банк» (по жилью и образованию),
- АО «Народный банк» (по образованию),
- АО «Банк ЦентрКредит» (по образованию).

Со статистикой по несовершеннолетним детям - участникам целевых требований и совершеннолетним получателям целевых накоплений, а также по использованию целевых накоплений на жилье и (или) образование можно ознакомиться на сайте [enpf.kz](http://enpf.kz).

Изучить условия программы, получить инструкции, ответы на интересующие вопросы можно на сайте [kids.enpf.kz](http://kids.enpf.kz). Также можно ознакомиться с видеоконтентами и инструкциями по теме на YouTube-канале БЖЗ КЕНПФ:

- видеоконтентарий Председателя АО "ЕНПФ" Ж.Б. Курманова:**  
<https://www.youtube.com/watch?v=30CdPW16dv0>  
**видеоконтентарий управляющего директора АО "ЕНПФ" М.Т. Шарипова:**  
<https://www.youtube.com/watch?v=APg2vATmMk0>  
**видеоконтентарий "Вопрос-ответ" по программе «Нацфонд - детям»:**  
<https://www.youtube.com/watch?v=4cKr1VCAvUk>  
<https://www.youtube.com/watch?v=mrV0y37Gjnk>  
**инструкция по сайту "Нацфонд - детям":**  
<https://www.youtube.com/watch?v=VgP3dmMwAHc>  
<https://www.youtube.com/watch?v=jyC2c-HgqrQ>  
**инструкция об осуществлении программы "Национальный Фонд детям":**  
<https://www.youtube.com/watch?v=bqCT41rWecA>  
<https://www.youtube.com/watch?v=pNBSS1VHdWU>

Пресс-центр АО «ЕНПФ».

## КАЗАХСТАН УСКОРИЛ ВНЕДРЕНИЕ ВОДОСБЕРЕГАЮЩИХ ТЕХНОЛОГИЙ



В стране ускорен переход к водосберегающим технологиям, сообщает «24KZ». Если ранее современные системы орошения внедрялись в среднем на 30 тысяч гектаров в год, то теперь этот показатель достиг 150 тысяч гектаров. По данным профильного ведомства, сегодня общая площадь применения водосберегающих технологий по республике составляет 543 тысячи гектаров.

В планах – к 2030 году довести площадь применения водосберегающих систем орошения до 1 млн 300 тысяч га. Современные технологические решения позволяют экономить до 30% поливной воды.

По материалам [www.24.kz](http://www.24.kz), фото: [sputnik.kz](http://sputnik.kz).

## ТҰМАУ ЖӘНЕ ЖРВИ

Тұмау - бұл барлық жастағы адамдар мен балаларға әсер ететін вирустық инфекция. Тұмау эпидемиялары жыл сайын, әдетте суық мезгілде болады. Дүние жүзінде тұмау және жіті респираторлық вирустық инфекциялар ауруының саны бойынша бірінші орында тұр, олардың жұқпалы аурулар құрылымындағы үлесі 95%-ға жетеді. Тұмау және ЖРВИ денсаулықты бірте-бірте әлсіретіп, адамның орташа өмір сүру ұзақтығын бірнеше жылға қысқартады. Тұмаудың ауыр жағдайында жүрек-қан тамыр жүйесі, тыныс алу мүшелері, орталық жүйке жүйесінің қайтымсыз зақымдануы жиі кездеседі, бұл жүрек және қан тамырлары ауруларына, пневмонияға, трахеобронхитке және менингоэнцефалитке әкеледі.

Тұмауға ең көп шалдығатындар созылмалы аурулардан зардап шегетін халықтың егде топтарының арасында кездеседі.

### Тұмау вирусы өте оңай беріледі:

Ең көп тараған жұғу жолы - ауа тамшылары арқылы; Тұрмыстық жұқтыру, мысалы, тұрмыстық заттар арқылы да берілуі мүмкін. Жөтелгенде, түшкіргенде немесе сөйлескенде наукастың немесе вирус тасымалдаушының мұрын-жұтқыншақтарынан патогенді микрофлорасы бар сілекей және қақырық бөлшектері, соның ішінде тұмау вирустары бөлінеді. Наукастың айналасында аэрозоль бөлшектерінің максималды концентрациясы бар жұқтырған аймақ пайда болады. Олардың дисперсия диапазоны әдетте 2 - 3 м-ден аспайды. Жеке гигиенаны сақтай отырып, тыныс алу жолдарының инфекциясын тудыратын патогендердің таралуын болдырмауға болады.

### Тұмау белгілері мен себептері:

Тұмау күтпеген жерден келіп, санаулы сағаттардың ішінде дененің толығымен таралады;

Тұмау температураның күрт көтерілуімен (кейбір жағдайларда 40,5 градусқа дейін), жарыққа сезімталдықты жоғарылаумен, бүкіл дененің ауырсынуымен, сондай-ақ, бас және бұлшықет ауырсынуымен сипатталады;

Тұмаудың бірінші күні мұрыннан су ағу болады, бұл тек осы вирусқа тән;

Тұмаудың ең белсенді кезеңі аурудың үшінші-бесінші күні, ал соңғы сауығуы 8-10-шы күні болады.

Барлығымыз өз денсаулығымызды және айналамыздағы адамдардың денсаулығын ойлауымыз керек.

### Алдын - алу шаралары:

Наукас болып көрінетін немесе дене қызуы және жөтелі бар адамдармен жақын араласудан аулақ болыңыз; Адамдар көп жиналатын жерлерден аулақ болыңыз; Ауыз бен мұрынды ұстамаңыз;

Қол гигиенасын сақтаңыз - қолыңызды сабынмен немесе бекетерге қарсы құралдармен жиі жуыңыз, әсіресе ауыз бен мұрынды ұстаған кезде.

Тұрғын үй-жайларға таза ауа ағынын көбейтіңіз, терезелерді мүмкіндігінше жиі ашыңыз.

Ауру адаммен байланыста болған кезде бетперде қолданыңыз.



Салауатты өмір салтын ұстаныңыз, соның ішінде жеткілікті деңгейде ұйықтаңыз, құнарлы тағамдарды тұтыныңыз және физикалық белсенділікті арттырыңыз.

Халықты профилактикалық иммунитет (вакцинация) - тұмаудың ең тиімді профилактикасы болып табылады. Өз кезегінде, вакцинациядан бас тартудың негізгі қаупі - ауру адаммен байланыс арқылы тұмауды жұқтыру мүмкіндігі. Сонымен қатар, вакцинацияланбаған адам басқаларға ықтимал қауіпті, өйткені ол жұқпалы аурудың тасымалдаушысы болып табылады.

**Г.ТУСМАҒАНБЕТОВА,**  
Сырдария аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы, ашық көздерден алынған фотосурет.

## САРЫП АУРУЫНАН САҚТАНАЙЫҚ



Сарып (бруцеллез) - адамдар мен малдар арасында кездесетін жұқпалы ауру. Сарыпқа барлық үй жануарлары шалдығады, соның ішінде қойлар, ешкілер, ірі қара малы, шошқалар - Бруцеллезге шалдыққан малда жиі кездесетін белгілері - мал түсік тастайды немесе өлі туады.

Ауру мал түсік тастағанда, төлдеу кезінде адамдарға өте қауіпті болады, өйткені бруцеллез тудыратын микробтар малдың сүті, нәжісі арқылы сыртқы ортаға көптеп шығады. Осылармен қатар малдың терісі, жүні, тезегі, мал-қораның маңайы, ондағы құрал-саймандар, топырақ ластанады, ал бруцелла микробтары топырақта, қида, жемде, суда 4 айға дейін өмір сүріп, өзінің ауру қоздырғыштық қасиетін толықтай сақтай алады.

Адамдар сарып ауруын ауру малдың сүті және сол сүттен дайындалған, термикальк өңделмеген тағамдарды тұтыну кезінде жұқтырады. Атап айтқанда аурудың қоздырғыштары шикі етте

3 ай, тұздалған етте 1ай қайнатылмаған сүтте 40күн, ірімшікте 60 күн сақталады, ал жоғары температураға төзімсіз, 90-100 градусқа қайнатқанда сол бойы өліп қалады.

Адамдарда бруцеллездің алғашқы белгілері зақымданғаннан кейін 1-2 аптада, кей кездері 1 айдан кейін біліне бастайды.

**САРЫП АУРУЫНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ:** бас ауру, әлсіздік, ұзақ уақыт бойы дене қызуының көтерілуі, қалтырап отқон, денесінің түршігуі, түнге қарай қатты терлеу. Бірнеше апта тек соң буындары ісініп, ауыра бастайды, әсіресе тізесі мен шынтақ буындары ісініп, ауырады.

Ауруға шалдыққан адам дер кезінде дәрігерге көрініп, ем қабылдаған жағдайда, наукасынан айығады. Ауру асқынған кезде нерв жүйесі зақымданып, тірек-қозғалыс және қан-тамыр жүйесінің қызметі бұзылуы мүмкін.

### Сарыптың алдын алу жолдары:

Сарып ауруынан адамдарды қорғау үшін ең алдымен үй жануарларының бруцеллезбен ауруына жол бермеу қажет. Мал түсік тастағанда міндетті түрде ветеринарлық дәрігерге хабарлап, тез арада бөлек орынға оқшаулаған жөн. Өлген төлдің қалдықтарын мұқият жинап, арнайы мамандардың келуін күту керек.

Жаңадан туылған төлді үйге кіргізуге болмайды, олардың ішінде бруцеллез мал болса, адамдардың, оның ішінде балалардың ауруды жұқтырып алу қаупі жоғары.

Үй жануарларына қарайтын адам арнайы киім, етік, қолына қолғап кию керек, үйге сырт киіммен кіруге болмайды. Үй жануарлары тұратын қора жайды тамақ ішуге, шылым шегуге және демалу орны ретінде қолдануға болмайды.

Мал сатып аларда ветеринарлық дәрігерден арнайы анықтама талап ету қажет. Көше бойында, аула ішінде сатып тұрған сүт және сүт өнімдерін, ет сатып алуға болмайды. Мал өнімдерін сапасына кепілдігі бар, ветеринарлық-санитарлық бақылаудан өткен арнайы сауда орындарынан алған жөн.

**Г.ЖУБАНЫҚОВА,**  
Қазалы аудандық СЭББ бөлім басшысы, ашық көздерден алынған фотосурет.

## ТЕХНИКАЛЫҚ РЕГЛАМЕНТ ТАЛАПТАРЫНЫҢ САҚТАЛУЫ ТУРАЛЫ

Техникалық регламенттер - өнімнің, қызметтің немесе өндірістік процестердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған міндетті талаптар жиынтығы. Олар адам өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны, сондай-ақ тұтынушылардың мүдделерін қорғау мақсатында қабылданады. Сондықтан техникалық регламент талаптарының сақталуы кез келген кәсіпорын мен ұйым қызметінің маңызды бөлігі болып табылады.

Маңыздылығы: техникалық регламент - бұл заңнамалық құжат, онда өнімге қойылатын қауіпсіздік талаптары нақты көрсетіледі. Ол өндіріс кезеңінен бастап, өнімді сақтау, тасымалдау және тұтынуға дейінгі барлық процестерді қамтиды. Сонымен қатар, техникалық регламенттер халықаралық стандарттарға сәйкестікті қамтамасыз етеді. Бұл отандық өнімдердің шетелдік нарыққа шығуына мүмкіндік береді.

Техникалық регламент талаптарының сақталуы бірнеше негізгі бағыттарды қамтиды:

### 1. Өнім қауіпсіздігі

Өндірілетін өнім адам денсаулығына зиян келтірмеуі тиіс. Мысалы, азық-түлік өнімдері санитарлық нормаларға сай болуы керек, ал өндірістік тауарлар қауіпсіз материалдардан жасалуы қажет.

### 2. Өндіріс процесін бақылау

Кәсіпорындар өндірістің барлық кезеңінде сапаны бақылау жүйесін енгізуі тиіс. Бұл ақаулардың алдын - алуға және тұрақты сапаны қамтамасыз етуге көмектеседі.

### 3. Сәйкестікті растау

Өнім техникалық регламент талаптарына сәйкес келетінін растау үшін сертификаттау немесе декларациялау рәсімдерінен өтеді. Бұл тұтынушыға өнімнің сенімді екеніне кепілдік береді.

### 4. Таңбалау және ақпараттандыру

Өнімнің қаптамасында оның құрамы, қолдану тәсілі, жарамдылық мерзімі және өндіруші туралы толық ақпарат көрсетілуі тиіс. Бұл тұтынушының дұрыс таңдау жасауына мүмкіндік береді.

Техникалық регламент талаптарының орындалуын уәкілетті мемлекеттік органдар бақылайды. 2026 жылдың 3 айында басқарма тарапынан бақылау мақсатында өнімдерді сатып алу мақсатында нысандардан 58 тамақ өнімдері, 7 тамақ емес өнімдер алынып, оның ішінде тағам өнімдерінің 14-нен таңбалануы бойынша сәйкессіздіктер анықталса, тамақ емес өнімдердің



1-нен сәйкессіздік анықталған. Талаптардың бұзылуы әкімшілік жауапкершілікке әкеліп, құжаттарының болмауына байланысты жеке кәсіпкерлерге 1 хаттама толтырылған. Айыппұл салу, өнімді айналымнан алып тастау немесе өндірісті уақытша тоқтату сияқты шаралар қолданылуы ықтимал.

Техникалық регламент талаптарының сақталуы - қауіпсіз әрі сапалы өнім өндірудің негізгі шарты. Бұл талаптарды орындау тек заң талабы ғана емес, сонымен қатар кәсіпорынның беделі мен тұтынушылар сенімінің кепілі. Сондықтан әрбір ұйым техникалық регламенттерді қатаң сақтап, сапа мен қауіпсіздікке ерекше мән беруі тиіс.

**Г.Т. МДУАРОВА,**  
Қазалы аудандық СЭББ бөлім басшысы, ашық көздерден алынған фотосурет.

## ТАМАҚТАН УЛАНУ БЕЛГІЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Тамақтан улану - бұл асқазан-ішек жолдарына тамақпен немесе сусындармен бірге зиянды бактериялардың түсуінен ішкі органдардың жұмысының бұзылуы. Құрамында агрессиялы химиялық заттары бар немесе бактериялары бар тамақты ішкеннен кейін, токсиндер қан құрамына ақырын сіңіп, улану тудырады. Улану көбінесе мерзімі өтіп кеткен, өмір сүру деңгейі бактерияға ұшыраған, сондай-ақ химиялық заттармен бүлінген азық-түлікті қолданғанда пайда болады.

Тамақтан уланудың себептері:

- Жеке гигиена ережелерін бұзу.
- Ластанған тамақты, ластанған сумен өңделген тағамдарды жеу.
- Тамақты дұрыс сақтамау.
- Жеткіліксіз термиялық өңдеу.
- Улы өсімдіктерді, саңырауқұлақтарды жеу.

Тамақтан уланудың негізгі белгілері:

Тамақтан уланудың алғашқы белгілері ластанған суды, бүлінген тағамдарды тұтығаннан кейін немесе біраз уақыттан кейін бірден пайда болуы мүмкін. Токсиндер алдымен ішекке енеді, содан кейін шырышты қабаттар арқылы жүйелік қанға енеді тән клиникалық көріністер дамиды:

- Іштің өтуі, құсу, жүрек айну.
- Еңбекке қабілеттіліктің төмендеуі, әлсіздік.
- Терінің бозаруы.
- Тыныс алу, жүрек соғу жиілігінің жоғарылауы.
- Қан қысымының төмендеуі.
- Іштің ауыруы.
- Дене температурасының жоғарылауы.

Тамақтан уланудың алдын алу мақсатында оңтүстік мегаполистің санитарлық дәрігерлері мыналарды ұсынады:

- белгіленбеген сауда орындарында немесе тексерілмеген онлайн-сатушылар арқылы тамақ өнімдерін, әсіресе маринадтарды сатып алмау;
- қауіпсіз тамақ өнімдерін таңдаңыз-азық-түлік сатып алғанда, қаптаманың тұтастығына, шығарылған күніне, жарамдылық мерзіміне және сақтау шарттарына назар аударыңыз;
- жеке гигиенаны сақтау, дәреханаға барғаннан кейін және тамақтанар алдында қолыңызды сабынмен мұқият жуу;
- жабдықтардың, ас үй жабдықтарының, үй-жайлардың тазалығын бақылау;
- шикі тағамдар мен дайын тағамдарды бөлек сақтау, оларды өңдеу үшін жеке пышақтар мен кесу тақталарын қолдану;
- көкөністерді, жемістерді, жидектерді ағынды су астында қолданар



алдында мұқият жуыңыз;

- өндіруші (дайындаушы) белгілеген тамақ өнімдерін сақтау мерзімдерін сақтау; - жаңа піскен тағамды тұтыну;
- дұрыс температуралық режимді сақтау және етті, құсты, жұмыртқаны, теңіз өнімдерін қуыру, қайнату кезінде пісіру үшін қажетті уақытты сақтау өте маңызды - бұл термиялық өңдеу патогендерді "өлтiредi" және олардың токсиндерiнiң жойылуын қамтамасыз етедi;
- тағамды жәндіктерден, кемiргiштерден және басқа жануарлардан қорғау;
- сапалы, таза суды пайдалану.

Осы ұсыныстарды орындау тамақтан уланумен байланысты қиындықтардан аулақ болуға көмектеседі. Өзіңізге және жақындарыңызға қамқор болыңыз!

Асель Джалғасовна БОСТАНОВА,  
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі  
санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің  
«Ұлттық сарантма орталығы» шаруашылық жүргізу  
құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының  
Қызылорда облысы бойынша филиалының  
бактериологиялық зертхананың зертханашысы,  
ашық көздерден алынған фотосурет.

## ҚҰТЫРМА - ВИРУС АРҚЫЛЫ ТАРАЛАТЫН, ТЕЗ ӨРБИТІН ЖҰҚПАЛЫ АУРУ



Бұл ауру адам баласына өте ерте заманнан таныс болғанымен әлі күнге дейін ауруды тудыратын қоздырғышқа тікелей әсер ететін емі жоқ қауіпті аурулардың қатарына жатады. Құтырма вирусы қарым-қатынас арқылы, яғни ауру жануар тістеген, сілекейленген кезде беріледі. Құтырма ауруы адамнан адамға өте сирек беріледі. Адамдар тез арада арнайы ем қабылдамаса, құтырмамен ауру жағдайлары 100% қайғылы жағдайға әкеліп соқтырады. Негүрлым ерте жасалған ем соғұрлым нәтижелі болмақ.

Құтырма белгілі бір мерзімді талғамайды, жылдың кез-келген уақытында кездеседі. Құтырмамен ауырған адамдарда аурудың жасырын кезеңі 7 күннен 1 жылға дейін созылады. Тістеген жер ауырып ысыды. Алқынып демалады, түрі жаңа ғана жылаған адам сияқты болады. Ауырысып және қиналып жұтынады, аузының сілекейі қоюланып, желімдесе береді. Адамдарда ауру басталғанда алғашқы белгілері тістелген жердің қышуы, жазылған жарақаттар

мен тыртықтар қайтадан қабынуы болып табылады. Құтырмамен ауырған адам тұйық болады, адамдармен араласудан қашады, ұйқысы бұзылып, әлсіздік пайда болады. Аурудың бастапқы кезеңі өткеннен кейін дене қызуы көтеріледі, суды көргенде немесе есіне түсіргенде жұтынуудың бұзылуы мүмкін. Көп ұзамай аэрофобия, яғни ауаның кез келген қозғалысы, науқаста қылғынумен жалғасатын ұстамаға әкеліп соғады, ондай жағдай жарық түскенде, қатты дыбыстанда болуы мүмкін. Ұстаманың соңында ауыздан көп мөлшерде сілекей бөлінеді. Адамды үрей билейді, ашуланшақ келеді, құтырынып аласұрады, дене құрысып сал болып қалады.

Құтырмамен ауырған адамның 100% жағдайда өлім жағдайымен аяқталатынын ескерткіміз келеді. Егер сізге біреуді тістеген немесе қапқан жануар құтырған болуы мүмкін деген ой келсе жедел түрде хирург дәрігеріне қаралу керек. Жарақаттанған жануардың иесінің аты-жөні, мекен жайын білу керек. Қандай жағдайда да жануарды өлтіруге болмайды, себебі жарақаттанған жануарды мал дәрігеріне көрсетіп 10 тәулік бойы бақылау керек. Мал дәрігері сол жануардың денсаулығы жайлы анықтама беруі шарт. Тістеген жерді кір сабынның судағы ертіндісімен, ағынды судың көп мөлшерімен, сутегі асқын тотығымен жаксылап тазартып, жарақатты жаппай ашық қалдырыңыз.

Зардап шеккен адамды ауруханаға апарыңыз, сол жерде оған құтырмаға қарсы егу жұмыстары жүргізіледі. Егу жұмыстарын өз бетімен тоқтатуға немесе медицина қызметкерлері белгілеген тәртіпті ( арақ ішіп, ашық тағамдарды жеуге) бұзуға болмайды, мұндай жағдай орын алса жүргізілген емдік шаралардың пайдасы шамалы болып, тиімділігі төмендейді. Осы жайттарды алға қоя отырып халықты иттің тістеуінен, басқада жануарлардың тістеуінен, жабайы аңдардың сілемейленуінен сақтанып жүруге және тістеген жағдайда дереу медициналық көмекке жүгінуге шақырамын.

К.ДҮЙСЕНБЕВА,  
Жаңақорған аудандық СЭББ жетекші маманы,  
ашық көздерден алынған фотосурет.

## В КАЗАХСТАНЕ МОГУТ ВВЕСТИ ОБЯЗАТЕЛЬНУЮ МАРКИРОВКУ БАДОВ И ЮВЕЛИРНЫХ ИЗДЕЛИЙ

В Казахстане планируют ввести обязательную маркировку биологически активных добавок, а также ювелирных и других изделий из драгоценных металлов и камней, передает агентство Kazinform.

Соответствующий проект приказа разработало Министерство торговли и интеграции.

Документ предусматривает определение перечня товаров, которые будут подлежать обязательной маркировке средствами идентификации, а также сроки ее введения.

Как отмечается в проекте, внедрение маркировки должно сократить объемы нелегального оборота продукции, повысить собираемость налогов и создать равные конкурентные условия для бизнеса.

Обязательную цифровую маркировку БАДов планируют ввести с сентября 2026 года, а ювелирных изделий - с декабря этого года.



## ЭЛЕКТРОНДЫҚ ШОТ-ФАКТУРАЛАР ЖӨНІНДЕ

ЭШФ – электрондық шот-фактура – бұл сатушы тауарларды сату, жұмыстарды орындау немесе қызметтерді көрсету кезінде ұсынатын, ал сатып алушы өз кезегінде оны белгіленген мерзімде растайтын электрондық салық құжаты. Бұл құжат тауарлар тиелгенін немесе қызметтер көрсетілігін растайды және ҚҚС сомасын қоса алғанда, олардың құнын белгілейді. Құжат мемлекеттік ақпараттық жүйе (ЭШФ АЖ) арқылы ресімделеді және электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылады. ЭШФ қағаз шот-фактурасын ауыстырады және осындай заңды күшке ие. ЭШФ сонымен қатар ҚҚС бойынша салық міндеттемелерін орындауды және жеткізу тізбегі бойынша тауарлар қозғалысын қадағалаудың электрондық жүйесінің элементі болып табылады. ЭШФ айналым жасалған күннен ерте емес және осындай күннен кейін күнтізбелік 15 күннен кешіктірмей ресімделуге тиіс.

Сонымен қатар Электр және (немесе) жылу энергиясын, суды, газды, коммуналдық көрсетілетін қызметтерді, байланыс қызметтерін, теміржол көлігімен тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтерді, әуе көлігімен жолаушыларды, багаж бен жүктерді тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтерді, көлік экспедициясы шарты бойынша көрсетілетін қызметтерді, вагондар (контейнерлер) операторының көрсетілетін қызметтерін, магистральдық газ құбыржолдарын қоспағанда, магистральдық құбыржолдар жүйесі арқылы жүктерді тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтерді, жүйелік оператор көрсететін жүйелік қызметтерді, кредит (қарыз, микрокредит) беру бойынша көрсетілетін қызметтерді, қосылған құн салығы салынатын банк операцияларын өткізу кезінде, сондай-ақ осы Кодекстің 436-бабының 1-тармағында көрсетілген тұлғаларға бір жыл немесе одан көп мерзімге жасалған шарттар бойынша тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу кезінде – тауарлар жеткізілген, қызметтер көрсетілген айдың қорытындысы бойынша осындай тауарлар, көрсетілетін қызметтер бойынша өткізу жөніндегі айналымды жасау күні тура келетін айдан кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірмей;

2) тауарлар экспорт кедендік рәсіммен орналастырыла отырып әкелінін жағдайда, шот-фактура өткізу бойынша айналымды жасау күнінен кейін күнтізбелік жиырма күннен кешіктірмей;

3) есепке жазылған сыйақы сомасы бөлігінде мүлкті қаржы лизингіне беру кезінде – қорытындылары бойынша шот-фактура жазып берілетін тоқсаннан кейінгі айдың 20-сынан кешіктірмей күнтізбелік тоқсанның қорытындылары бойынша;

3-1) сәйкестендірілген тауарлардың сатып алушының билігіне берілінін растайтын тауарға билік ету құжаттарының негізінде тауарлар өткізілген кезде - осындай тауарлар бойынша өткізу жөніндегі айналымды жасау күні тура келетін айдан кейінгі айдың 20-сынан кешіктірмей;

4) қалған жағдайларда - өткізу бойынша айналымды жасау күнінен ерте емес және осындай күннен кейін күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей жазып беріледі.

2. Осы Кодекстің 412-бабы 14-тармағының талаптарын орындау мақсатында шот-фактураны жазып беру айналым жасалған күні немесе жасалған күннен кейін күнтізбелік бір жүз тоқсан бес күн ішінде жүзеге асырылады.

3. Түзетілген шот-фактура бұрын жазып берілген шот-фактураға өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет болған кезде жазып беріледі.

4. Қосымша шот-фактураны жазып беру мерзімдері осы Кодекстің 420-бабында белгіленеді.

Осы Кодекстің 197-бабының талаптары сақталмаған кезде қосымша шот-фактураны лизинг беруші осындай жағдай басталған күннен бастап күнтізбелік он бес күннен кешіктірмейтін мерзімде жазып береді.

Т. ҚАЛДЫБЕКҚЫЗЫ,  
Шиеді ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер Басқармасының бас маманы.

## ҚОСЫЛҒАН ҚҰН САЛЫҒЫНЫҢ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІ!

ҚҚС төлеушілер дегеніміз - Қазақстан Республикасында салық төлеушілер базасында қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою жүргізілген тұлғалар, ЕАЭО кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына импорттайтын тұлғалар болып табылады.

Айналымның шекті шегі 10 000 еселенген АЕК-ке тең. (43 250 000 тг.). Қосылған құн салығының мөлшерлемесі 16 пайызды құрайды және салық салынатын айналым мен салық салынатын импорт мөлшеріне қолданылады.

- Медицина саласында:  
дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, медициналық бұйымдарды жинақтаушыларды, сондай-ақ техникалық қосалқы (компенсаторлық) құралдарды өткізу бойынша, медициналық қызметтерді өткізу бойынша айналымға және импортқа 2026 жылдан бастап 5% және 2027 жылдан бастап 10% төмендетілген ҚҚС мөлшерлемесі белгіленді.

Отандық мерзімді баспа басылымдарын өткізу бойынша айналым мөлшеріне 10% төмендетілген ҚҚС мөлшерлемесі белгіленді.

ҚҚС бойынша декларацияны ұсыну бойынша кезең шектелді – ол күнтізбелік тоқсаннан кейінгі айдың 15-інен ерте емес және күнтізбелік тоқсаннан кейінгі екінші айдың 15-інен кешіктірмейтін уақытты құрайды. Мысалы, 1-тоқсанның декларациясын 15 сәуірден ерте емес және 15 мамырдан кешіктірмей тапсыру керек.

Арал ауданы бойынша МКБ.

Проект приказа размещен на портале Открытые НПА для публичного обсуждения до 20 апреля.

В Минторговли напомнили, что на сегодняшний день обязательной цифровой маркировке в Казахстане подлежат табачные изделия, обувь, лекарственные средства, дериваты сайгаков, моторные масла. С 1 февраля текущего года началось поэтапное внедрение маркировки пива и пивных напитков. С 1 декабря 2026 года запланировано поэтапное внедрение обязательной маркировки товаров легкой промышленности.


Кроме того, в пилотном режиме тестируется маркировка изделий медицинского назначения, растительного масла, товаров бытовой химии и косметики. Ранее завершены пилотные проекты по маркировке древесины и сжиженного нефтяного газа, реализуемого в бытовых баллонах.

По материалам Д.Кенесбай,  
inform.kz, фото: ГНС КР.



# ТУБЕРКУЛЕЗ АУРУЫНЫҢ АЛДЫН-АЛУ ТУРАЛЫ

Туберкулезді әр жаста жұқтыруға болады, әсіресе бұл ауру балалар үшін қауіпті. Балалардың иммунитет жүйесі толығымен қалыптаспаған, сондықтан бала ағзасы әр түрлі жұқпаларға шалдыкқыш келеді. Балаларда туберкулез симптомдары аурудың түріне және жұқпа үрдісінің оқшаулану жеріне байланысты. Өкпе туберкулезінде аурудың негізгі симптомдары: жөтел (2 аптадан астам уақыт), дене қызуының ұзақ мерзімге көтерілуі, шаршағыштық, оқуға үлгермеу, тәбетінің жоғалуы, арықтау. Өкпе туберкулезінің белгілері суық тиюмен, ЖРВИ немесе бронхит ауруының белгілері ретінде қабылдануы мүмкін, ұзақ мерзімді жөтелу және дене қызуының көтерілуі туберкулезге тән белгілер екенін ұмытпау қажет. Туберкулезге күдік туған жағдайларда қосымша тексерістен өту қажет.



Манту сынамасы балалар мен жасөспірімдер арасында туберкулез ауруын анықтаудың маңызды әдісі болып табылады. Туберкулез диагнозы расталған жағдайда баланың емі дереу басталады. Балалар емдеуді жақсы көтереді және өкпенің зақымдалған тіні ересектерге қарағанда балаларда тез қалпына келеді. Аурудың алдын алу мақсатында балаларға туберкулезге қарсы вакцина егіледі, ерте жаста БЦЖ вакцинасымен имундау туберкулез аурушандығын 15 есе төмендетеді және туберкулездің ауыр түрлерінің дамуының алдын алады. Бұл вакцина жана туған нәрестенің алғашқы екі аптасы болып табылады. Вакцина бала туғаннан 1-3 тәулік өткеннен кейін перзентханада салынады, иммунитет қорғанысын қалыптастыруды қамтамасыз етеді. БЦЖ вакцинасынан кейін қалыптасқан иммунитет шамамен 5 жасқа дейін сақталады. Сондықтан қайталап вакцина енгізу балаға (ревакцинация) 6-7 жасында салынады. Вакцинаның арқасында әлемде миллиондаған балалардың өмірі сақталды. Салауатты өмір сәтті ұстану туберкулездің алдын алуының маңызды шарасы болып табылады, оған, толық құнарлы тамақтану, күнделікті денені шынықтыру және уақытылы демалу қажет етеді. Балалар таза ауада жиі серулену, үйді

жігі желдетіп отыру керек. Ата-аналар балаларын қарапайым санитариялық ережеге үйрету қажет, жөтелу, түшкіру кезінде орамал қажеттілігін түсіндіру. Туберкулезге қарсы күресудің жетістігі ата-аналарға байланысты.

Туберкулездің ашық формасымен ауыратын тікелей қарым-қатынаста болған, яғни отбасы мен жұмыс орны бойынша тығыз қарым-қатыста болған адамдарға жұғуы мүмкін. Туберкулез көбінесе өкпені зақымдайды, бірақ сирек жағдайларда дененің лимфа түйіндері сүйек жүйесі тіпті миды зақымдайды. Туберкулез адамнан адамға ауа тамшылы жолмен тарайды. Яғни жөтелгенде, түшкіргенде, науқаспен тығыз қарым-қатынас жасағанда беріледі. Туберкулез адамнан-адамға жұғады. Туберкулезді ерте сатыда анықтау мақсатында ересектердің барлығына емханада жылына бір рет флюорографиялық тексеруден өтіп тұруды қажет етеді.

**Г.ТУСМАҒАНБЕТОВА,**  
Сырдария аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы, ашық көздерден алынған фотосурет.

# КОНГО-ҚЫРЫМ ГЕМОМРАГИЯЛЫҚ ҚЫЗБАСЫ

Қырым Конго геморрагиялық қызбасы - адамды ауру кене шаққан кезде жұғатын вирустық ауру. Аурудың қоздырғышы табиғи ортада кенелердің, жануарлардың (ешкі, қой, сиыр, жылқы) ағзасында болады. Қырым-Конго геморрагиялық қызбасы ересек адамдармен қатар балалар мен жасөспірімдер арасында да жиі кездеседі. Ауылдарда балалар мен жасөспірімдер үй шаруашылығымен (мал, қора тазалау, шөп жинау, мал бағу) айналысып, кенеден қорғануға немісқарылы қарап, өз денсаулықтарына қауіп туғызуы жиі кездеседі және өлім жағдайына да әкелуде. Бұл ауру адамдар табиғи ошақта болғанда кене шару арқылы, көбіне науқастар мал қырықмыз кезінде кездесіп кенелерді езіп жіберу немесе қайшымен қиып жіберу кезінде кененің шіндегі биологиялық сұйықтықтармен жанасу арқылы, малдың үстіндегі кенені жапаң қолмен жұлғанда, мал сою кезінде, оны жіліктегенде және медицина қызметкерлері

шырышты қабыршақтары мен терілерінің кейбір жерлері қанталпап, бөртіп, қыздырғандық кетеді. Лейкоциттер мен тромбоциттердің санының күрт азаюына байланысты адам ағзасының ауруға төзімділігінің жойылуы және қан тамырларының жаракаттануынан қанталау мен қан ағу белгілері байқалады. Адамның мұрынан, тістерінің қызыл еттерінен, кене шаққан жерлерінен қан ағады. Іш өтіп, бауыры ауырады, сары аурудың белгілерін береді. Осы аққан қандағы көкала қоздырғыштары айналасындағылар үшін қауіпті болып табылады. Сонымен қатар ауырғандардың өлімі 50-70 пайызға дейін жетеді. Жануарларда бұл ауру симптомсыз, белгісі жоқ, жеңіл түрде өтеді. Аталған індет мамыр, маусым және шілде айларында өршиді. Оған себеп, жартылай шөлді және шөлді аймақтарда «окавал» ауруын таратушы кенелер тіршілікке наурыз айында шығады да, қыркүйекке дейін белсенді өмір сүріп, өсіп - өнеді.

### Кене шаққанда не істейсіз?

Кене шаққан жағдайда немесе денеңізге жабысқанын көрсеніз, дереу медициналық көмекке жүгініңіз. Ол адамды жергілікті медициналық мекеме 14 күнге дене қызуын өлшеп, бақылауға алады. Егер осы бақылау кезінде дене қызу көтеріліп, аурудың алғашқы белгілері басталса дереу аурухананың жұқпалы аурулар бөліміне қолданып, науқасқа арнайы ем жүргізіледі.

### Кененің шабуылынан сақтану шаралары:

Табиғатқа шығар алдында сырт киімдеріңізге репелленттер (кенелерді үркітпейтін аэрозольдер) сезді алыңыз;  
Ашық түсті киім киіңіз, сол кезде киімге жабысқан кене бірден көзге түседі;

Шалбардың балағын етікке немесе шұлыққа салу, ұзын жеңді, жеңінде резинасы бар киім кию, жағасы жоғары түйменетін, капшооны бар киімдер кию қажет;

Демалу үшін ашық, күз көзі тікелей түсетін жерді таңдаңыз, сол жерден өзінші көлеңке жасап алыңыз;

Үйге кіреді алдында киімдеріңізді, дененіңізді түгелдей кенеге қарап шығыңыз және жаныңыздағы адамдардың денесінде кененің бар жоғын жиі тексеріп отырыңыз;

Мал басын, мал қораны, ауаны қоқыстардан тазалау, көктем кезе күз айларында кенеге қарсы өңдеу шараларын жүргізу қажет.

**Г.ҚАРАШАЕВА,**  
Қазалы аудандық СЭББ жетекші маманы, ашық көздерден алынған фотосурет.



«апаттық жағдайда» (қолғаптың тесілуі), науқастың қаны медициналық манипуляция кезінде теріге немесе көзге, ауызға тиген жағдайда жұқтырып алуы мүмкін. Қырым қанды безгегін жұқтырған науқастар аса қауіпті. Кене сілекей арқылы адам-ға жұққан вирустар қанда өте жылдам көбейеді. Бірінші кезеңде адамның ыстығы 39-40 градустан асып, басы ауырып, денесі түршігіп, кейде қалшылдап, беті мен адамның шырышты қабыршақтары қызарады. Адамның дәрмені құрып, бұлшық еттері ауырып, буындары қақсап, жүрегі айнып, құсады. 2-4 күннен кейін кеселдің геморрагиялық (қанды) кезеңі басталады. Науқастың жағдайы күрт нашарлап,

# САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕРДІҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 18 шілдедегі № 214-VIII Салық Кодексінің 109 бабына және Қазақстан Республикасының Қаржы Министрінің 2025 жылғы 28 қазанындағы № 640 бұйрығының 7 тарауына сәйкес мәжбүрлі түрде таратылуға жататын субъектілердің қалыптастырылған тізбесі төмендегідей:

№	СТН	ЖСН/БСН	Жеке тұлғаның Аты-жөні (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) немесе Субъектінің атауы	Салық органының атауы	Субъектінің мекен-жайы
1	330200214471	170140014175	«ХАМЗА « бөбекжайы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Арал ауданы бойынша МКБ	Арал қаласы, Панфилов көшесі № 7
2	451520472116	871205351286	ДҚ ШАКИРОВ ДУЛАТ ТУЛЫҚЫБАЕВИЧ	Арал ауданы бойынша МКБ	Арал ауданы, Ақирек ауылдық округі, Ақбай елді мекені
	331011610513	010623501595	ДҚ ЖАҚСЫЛЫҚ ДАРХАН ТИМУРҰЛЫ	Арал ауданы бойынша МКБ	Арал ауданы, Сапақ ауылдық округі, Тасбөгет елді мекені
4	331011890437	21126501370	ДҚ ТӨЛЕН РАМАЗАН МАРАТБЕКҰЛЫ	Арал ауданы бойынша МКБ	Арал ауданы, Сапақ ауылдық округі, Тасбөгет елді мекені
5	330220410591	040331500189	ДҚ ЕРКИНОВ ДАМИР РУСЛАНҰЛЫ	Арал ауданы бойынша МКБ	Арал қаласы
6	330210294232	661025301915	ДҚ ТУЛКИБАЕВ АЛИБЕК ОМАРОВИЧ	Арал ауданы бойынша МКБ	Арал қаласы
7	330210657750	840520301317	АЙТЖАНОВ ТУРЛЫБЕК АЛИБЕКОВИЧ/ДҚ ТУРЛЫБЕК АЙТЖАНОВ	Арал ауданы бойынша МКБ	Арал қаласы
8	330220130685	870611301476	ДҚ СЕЙЛОВ ЕРЛАН КЕУЛИМЖАЕВИЧ	Арал ауданы бойынша МКБ	Арал ауданы, Сексеуіл кенті
9	330220468406	970728300524	ДҚ СМАҒҰЛОВ НҰРТАЛАП АҚКАЛЫҰЛЫ	Арал ауданы бойынша МКБ	Арал ауданы, Сексеуіл кенті
10	330220048274	030360005858	УТЕМИСОВ ЕГИЗБАЙ/ «БАБИ» ШАРУА ҚОЖАЛЫҒЫ	Арал ауданы бойынша МКБ	Арал ауданы, Қарақұм ауылдық округі, Абай елді мекені
11	330220257210	081164005666	ДУЗБАЕВА КУЛИМАРАШ СЕРКЕШБАЕВНА/ Палуан шаруа қожалығы	Арал ауданы бойынша МКБ	Арал ауданы, Ақирек ауылдық округі, Ақбай елді мекені
12	330220664461	211164002472	КАМЫСБАЕВ ҚАЙРАТ ТЕМІРБЕКОВИЧ/ «Шанар-Ай» шаруа қожалығы	Арал ауданы бойынша МКБ	Арал ауданы, Ақирек ауылдық округі, Ақбай елді мекені
13	330220676322	220764048293	АКМАМБЕТОВ НҰРБОЛ БЕКМУРАТОВИЧ/ «МАРДАН» ШАРУА ҚОЖАЛЫҒЫ	Арал ауданы бойынша МКБ	Арал ауданы, Қарақұм ауылдық округі, Абай елді мекені
14	330220148490	050264029511	«САСАЙ» ШАРУА ҚОЖАЛЫҒЫ	Арал ауданы бойынша МКБ	Арал ауданы, Аққұм ауылдық округі, Шыңжағ елді мекені

Қажетті ақпаратты алу үшін Арал ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының «Салық төлеушілермен жұмыс» бөлімінің 8-(72433)-2-28-62 байланыс телефонына хабарласуларыңызға болатындығын назарларыңызға жеткіземіз. Басқарманың заңды мекенжайы: Арал қаласы, Қ.Ерімбет көшесі № 68 үй.

Арал ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер Басқармасы.

# ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР БАСҚАРМАСЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САЛЫҚ КОДЕКСІНІҢ 109-БАБЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕС КЕЛЕТІН ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАР ЖӘНЕ ДАРА КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ МӘЖБҮРЛЕП ТАРАТЫЛУҒА ЖАТАТЫН ТІЗІМІ

№	Салық төлеушінің атауы	СТН	ЖСН/БСН
1	ТЕХНОРЕМЕРВИС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	330100210090	011040005629
2	«Қызылорда-Анкор» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	330100218415	030840000519
3	«Кредо-ЮР» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	330100219787	031140017332
4	«Тест-Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	330100220175	040240002476
5	«Қызылорда «Дарын» колледжі» мекемесі	330100221976	040740020096
6	«Гань-Шань Мұнай Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	330100226746	051240007729
7	«Корпорация-Іскер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	330100228126	060140007141
8	«Уздік Компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	330100229619	060440003287
9	Мұнай Интер Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	330100231544	061040006557
10	«Арал Мұнай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	330100231610	061040001299
11	«Жас Талап КЗ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	330100234538	070640002763
12	«Абсолют-Қызылорда» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	330100237947	080640000693
13	«Орталық-Строй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	330100240015	090140016382
14	«Сыр Зан Орласы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	330100242011	090640020091
15	«Қалпалт Югет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	330100242105	090740004122
16	«Эпидиоэлектротромстрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	330800213310	110240010422
17	СК «Террос Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	331000002904	091040015373
18	«Advanced KZO» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	331000003336	091140015109
19	«Ушкочыр-Қызылорда» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	331000004796	100140000995
20	«Айба - ТехСервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	331000007273	100340005488
21	Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Охранная фирма Орда»	331000007526	100340015722
22	«Султан Нефть» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	331000009467	100640000081
23	«Пурсат-Ойл» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	331000010207	100640004054
24	«Сырдария Тас» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	331000011656	100640017732
25	«ИНПАКОН» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	331000013586	101140008261
26	«Жас өрт сөндірушілер мен құтқарушылардың спорттық патриоттық клубы «Қорған Қызылорда» қоғамдық бірлестігі	331000016657	110340006785
27	«Компания Алан Строй Монтаж» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	331000021411	110940020108
28	«РАЙХАН-ЛТД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	331000022772	990140005127
29	«СУЛТАН КОНТИНЕНТАЛЬ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	331000031320	130140000138
30	«Қызылорда молодежная» облыстық газетінің «редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	331000048266	010140002437
31	«Низаметдин» мемлекетке дейінгі кіші орталық мекемесі	331000058476	141240013188
32	«Айлод и Компания» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	331000059859	150340004379
33	«Челюны центр Гулмира» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	331000063967	151140019214
34	«Доктор Турешбаев» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	331000071440	170240033204
35	«Нұр-Ақболол» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	331000072141	170440000919
36	«KZ Социальная» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	331000075828	171140038571
37	«Istanbul Doner №1 (Истанбул Донер №1)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	331000088258	200140031679
38	«БК Логистик» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	331000089883	200640029853
39	«ExIT» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	331000097301	210440020795
40	«mi profeshn» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	331000102884	210940040311
41	«КоронаСтрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	331000113263	220740036625
42	«Монтаж Строй Инновация» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	600400628284	110340014647
43	АК-ОТАУ Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	600700600846	080340010725
44	«Drilling Equipment Services (Дриллинг Эквипмент Сервисиз)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	600700867366	210940004424
45	«KasSagProjekt» /KazSagПроджект/ жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	620200312558	071040014450
46	Нажиманов Бақытбек	090421963815	040227501835
47	Келдибаев Нурлыбек Сапарович	330120109364	761006300706
48	Ю Татьяна Викторовна	330120175164	870628400388
49	Маубаев Ургешинбай Жетесович	330120180941	450223301241
50	«Сағындыков» шаруа Қожалығы	330120182486	030764024404
51	Рахымжан шаруа Қожалығы	330120182596	030764024513
52	Тунгулибаев Жаскайрат Амантаевич	330120199366	800603301678
53	Салықова Венера Алдамбергынқызы	330120214398	860604001978
54	Сапаров Қалпыбек Турганбекович	330120216506	840817301946
55	Купеев Бауыржан Қайырбекович	330120279372	870326302188
56	Ким Екатерина Валерьевна	330120690324	900724400249
57	Ақылбек Мағжан Рашидулы	330120762039	031219501317
58	Мусаев Еркебулан Ертайұлы	330120762413	920831301593
59	Ишанбеков Қайрат Ишанбекович	330120765638	700820302853
60	Гранкин Александр Николаевич	330120787782	631008302271
61	Ким Ольга Юрьевна	330120819817	940810400500
62	Ахметов Айнабек Жағланбекұлы	330120845915	930730301497
63	Қыпшақ Мұхит Қыпшақұлы	330220460323	960905301621
64	Ип Күсеп Күсеп Мақсат Әмірханұлы	330320487889	020728001933
65	Жұмабай Бауыржан Байтабайұлы/Ип Жұмабай	330320488756	031212500414
66	Болатов Нұрғалап Нұрғалиұлы /	330320530134	040505500691
67	Жұмабаев Елдос Сабитұлы	330420631891	980416300311
68	Елібаева Мархабат Мұратбекқызы	330520037566	851114401487
69	Ахметов Мейірбек Әмсетұлы	330820229745	630317301459
70	Данияров Нұрбол Маратұлы	330820501051	950112301014
71	Абасова Зейна Мухамедовна	331010016794	621205403572
72	Касымов Бақытбек Хамитович	331010255919	650519300829
73	Бекенов Айбол Сақтағанұлы	331010753474	950906301605
74	Абдуллаев Сержан Жумалилаевич	331010774502	741212302789
75	Кожкарар Сунгат Асанұлы	331010840688	

## ЭКОЖАҒАЛЫҚТАР

## ЭКОНОВОСТИ

ПОЧЕМУ ОТ МЯТЫ ВОЗНИКАЕТ  
ОЩУЩЕНИЕ ХОЛОДА?

Исследователи из Университета Дьюка использовали криоэлектронную микроскопию, чтобы зафиксировать белковый канал TRPM8 в момент открытия.

Этот канал расположен в нервных волокнах кожи, рта и глаз и активируется при температуре от 8 до 28 градусов, запуская сигнал, который мозг воспринимает как холод. Ментол связывается с другим участком того же белка и также открывает канал. Охлаждение расширяет центральное отверстие, а ментол действует через боковой карман, но конечный результат одинаков. Поэтому мята ощущается холодной без реального понижения температуры.

Исследование выявило «холодную точку», которая помогает каналу сохранять чувствительность при длительном воздействии. Это открытие важно для медицины: активация TRPM8 уже используется в глазных каплях для лечения синдрома сухого глаза, а в будущем может помочь в разработке новых обезболивающих. Понимание того, как открывается этот канал, позволяет создавать более точные лекарства, не нарушая другие температурные ощущения.

По материалам gismeteo.ru,  
фото © Shutterstock/FOTODOM.

Құрылтайшы -  
Қызылорда  
облыстық  
«Сыр Табиғаты»  
заңды тұлғалар  
Ассоциациясы

Редактор  
Акбота Абеннова

Газет Қазақстан  
Республикасы  
инвестициялар және  
даму Министрлігі  
байланыс,  
ақпараттандыру және  
Ақпарат Комитетінде  
қайта тіркелген.

Тіркеу куәлігі  
№15905-Г, 25.03.2016ж.

Жекеленген  
авторлардың пікірі  
редакция көзқарасын  
білдірмейді,  
қолжазбалар  
қайтарылмайды.  
«Сыр Табиғаты»  
газетінде жарияланған  
мақала көшіріліп  
басылса, сілтеме  
жасалуы міндетті.

Жарнама және  
хабарландыру мәтіні  
мен мазмұнына  
редакция жауап  
бермейді.

Газет редакцияның  
компьютер  
орталығында теріліп,  
беттеліп, «ASU» баспа  
үйі» ЖШС сенімгерлік  
басқаруындағы  
«Сыр медиа» ЖШС  
баспаханасында  
басылды.  
Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің басылу  
сапасына баспахана  
жауапты.

Офсеттік басылым.  
Көлемі 2 баспа табақ.

Жазылу индексі - 68116

Редакцияның  
мекен-жайы:  
Қызылорда қаласы,  
Қайнарбаев көшесі, №33.  
Толық мәлімет алу үшін:  
8-777-563-76-92  
телефонына хабарласуға  
болады.

E-mail: syr.tabigaty@gmail.com

Басылым апта  
сайын жарық  
көреді

Тапсырылыс  
№ 570

Таралым 500



## ТОО «КазЭкосистемс»

(гослицензия 01259 №0042510  
от 25.09.2008 г.) представляет  
следующие виды услуг в области  
охраны окружающей среды:

1. Оказание консультационных услуг в области охраны окружающей среды
2. Составление и содействие в подаче заявления о намеряемой деятельности в уполномоченный орган в области ООС
3. Организация в проведении общественных слушаний
4. Подготовка отчета о возможных воздействиях при оценке воздействия на окружающую среду
5. Подготовка послепроектного анализа отчета о возможных воздействиях
6. Составление заявления на получение экологического разрешения на воздействия, в том числе:
  - 6.1 Разработка проектов нормативов эмиссий (нормативы допустимых выбросов, нормативы допустимых сбросов)
  - 6.2 Составление программы управления отходами для I и II категории
  - 6.3 Составление паспорта опасного отхода
  - 6.4 Разработка программы производственного экологического контроля (ПЭК)
- 6.5 Составление проекта плана мероприятий по охране окружающей среды
7. Составление отчета производственного экологического контроля
8. Разработка раздела «Охрана окружающей среды» в составе проектной документации при подготовке декларации для III и IV категории
9. Подготовка и содействие в подаче декларации о воздействии на окружающую среду для III категории
10. Составление проектов обоснования санитарно-защитной зоны (предварительная, окончательная)
11. Составление квартальных отчетов, согласно условий экологического разрешения, статистических отчетов, налоговых отчетов по форме 870.00.
12. Консультация и содействие в формировании пакета документов для получения лицензии для юридических лиц, занимающихся деятельностью по переработке, обезвреживанию, утилизации и (или) уничтожению опасных отходов.

Наш адрес: г. Кызылорда,  
ул. Байтурсынова, 48.  
эл.адрес kazecosystems@mail.ru  
тел. 8 7242 27 52 99

КОНЦЕНТРАЦИЮ  
МИКРОПЛАСТИКА  
В ПОВСЕДНЕВНЫХ  
ПРОДУКТАХ ТЕПЕРЬ  
МОЖНО ОПРЕДЕЛИТЬ  
ЗА ДВА ЧАСА

Загребский университет разработал двухчасовой метод очистки пищи от жиров, крахмалов и белков для последующего подсчета микропластика. Традиционные протоколы занимают более суток.

Кислотная обработка сохраняет 80-110% массы полиэтилена и полипропилена, пригодных для рамановской спектроскопии. Пластик бутылки распадается на более мелкие частицы, а акрил слипается в комки.

Метод протестировали на хлебе, тунице, кетчупе, шоколаде и мороженом. Контрольные пробы выявили фоновое загрязнение полиэтиленом, которое устранили с помощью кварцевых вставок. Без строгого контроля лаборатории могут сами создавать ложные пластиковые сигналы.

Микропластик обнаружен в органах человека, грудном молоке и сперме, однако прямые последствия для здоровья пока не установлены.

Авторы подчёркивают: их вклад заключается в ускорении стандартизации, а не в пересмотре уровня загрязнения. Для оценки реального воздействия необходимы более масштабные исследования.

По материалам gismeteo.ru,  
фото © Shutterstock/FOTODOM.

ПРИБРЕТАЙТЕ ПОДПИСКУ  
И ПОЛУЧАЙТЕ СВЕЖИЕ  
ВЫПУСКИ ГАЗЕТЫ ПО  
ЭЛЕКТРОННОМУ АДРЕСУ

syr.tabigaty@gmail.com  
www.syrtabigaty.kz

Наш адрес: г.Кызылорда, ул.Кайнарбаева, 33  
+7 777 563 76 92

